3. Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулының¹ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Үлттүк Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үлттүк Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
5. Осы қаулы 2022 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

¹ «Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және етеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша әмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттүк Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 202 және «Төлем үйимдарының қызметін үйимдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
28.01.2022 ж. № 26679 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 24 қаңтар № 2

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының кейір қаулыларына әкімшілік деректер жинау және есептілік ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының әкімшілік деректер жинау және есептілік ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейір қаулыларының тізбесін бекітілсін.
2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
28.01.2022 ж. № 26681 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 24 қаңтар № 3

«Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ашық деректер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 55 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ашық деректер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 55 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20481 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.
2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының² орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

² «Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ашық деректер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 55 қаулысының күші жойылды деп тану туралы



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
10.03.2022 ж. № 27074 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 ақпан № 9

«Қазақстан Республикасы банктерінің, бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттых Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 34 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттых Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы банктерінің, бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттых Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 34 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13256 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы банктерінің, бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарда:

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Талаптарда «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабында, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14337 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Үлттых Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысымен бекітілген Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларында (бұдан әрі – № 212 қағидалар) көзделген үфімдар, сондай-ақ мынадай үфімдар пайдаланылады:»;

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Деректерді рұқсат етілмеген кіруден қорғауды қамтамасыз ету үшін банктің ішкі құжаттарымен жұмыс орнына қолжетімділік беретін техникалық құралдарды, парольдерді немесе басқа ақпаратты сақтау және пайдалану тәртібі белгіленеді.

6. Банктің ішкі құжаттарымен ақпараттық жүйеге беру, ақпараттық жүйеден ақпаратты алу, ақпаратты сақтау, архивтеу не басқа өндеу үшін жинақтауға арналып бөлінген ресурстарға (дискілік кеңестік, директория, желелік ресурстар, дереккөрлар) кіру тәртібі бекітіледі.»;

3-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Банктің ақпараттық жүйенің құрылымы және жұмыс істеуі жөніндегі ішкі құжаттарына қойылатын талаптар»;

11. Банктің ақпараттық жүйелердің құрылымы және жұмыс істеуі жөніндегі ішкі құжаттарында:

- 1) ақпараттық жүйелердің және олардың обьектілерінің тізбесі, олардың мақсаты және негізгі сипаттамалары, жүйелердің орталықтандыру иерархиясы деңгейлерінің санына және дәрежесіне қойылатын талаптар, оның ішінде ақпараттық жүйенің әрбір обьектісі бойынша функциялардың міндеттердің тізбесі;
- 2) ақпараттық жүйелердің құрамдас бөліктері арасында ақпарат алмасуға арналған байланыстың тәсілдері мен құралдарына қойылатын талаптар;
- 3) ақпараттық жүйелердің жұмысын қалпына келтіру жоспарлары (бұдан әрі – қалпына келтіру жоспары);



- 4) ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу режімдеріне қойылатын талаптар;
- 5) ақпараттық жүйелердің жұмыс істеудің мониторингтеуге қойылатын талаптар;
- 6) қалпына келтіру командастының жаупты қызметкерлерінің жіктеліміне, санына және жұмыс режиміне қойылатын талаптар бекітіледі.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Банктің ақпараттық жүйелердің құрылымы және жұмыс істеудің жөніндегі ішкі құжаттары банк айқындаған мерзімді негізде, бірақ жылына бір реттен сиретпей маңызын арттыру мәніне қайта қаралуға жатады.»;

мынадай мазмұндағы 18-1 және 18-2-тармақтармен толықтырылсын:

«18-1. Банк негізгі орталыққа қарағанда өзге елді мекенде (астанада, республикалық маңызы бар қалада, облыстық маңызы бар қалада, аудандық маңызы бар қалада) орналасқан, Талаптардың 23-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген мерзім ішінде банктің төлем қызметтерін көрсетуін жаңғыруға кепілдік беретін кемінде бір резервтік орталықтың болуын қамтамасыз етеді.

Талаптардың 23-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген мерзім бірмезгілде Ұлттық Банкті хабардар ете отырып төлем қызметтерін көрсетуді жаңғыру мерзіміне әсер ететін жеткілікті негіздер болған кезде ұлғайтылады.

Банктің негізгі және резервтік орталықтары Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылады.

18-2. Банк әрбір орталықты (негізгі және резервтік) байланыс қызметтерін әртүрлі жеткізушилерден (провайдерлерден) белгіленген екі байланыс арнасымен қамтамасыз етеді.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Банк Жоспарды тестілеу қорытындысы бойынша мыналар:

- 1) тестілеу жүргізілген ақпараттық жүйелердің және олардың объектілерінің тізбесі, сондай-ақ негізгі және резервтік орталықтардың орналасқан жері;
- 2) ақпараттық жүйелердің және олардың объектілерінің жұмысын қалпына келтіруге жұмсалған уақыт;
- 3) анықталған осалдықтар және оларды жою жөніндегі ұсыныстар көрсетіле отырып тестілеу нәтижелері туралы құжат (хаттама) дайындалады.

Банк тестілеу нәтижелері туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) банктің үәкілетті органы тестілеу нәтижелері туралы құжатты бекіткеннен кейін он бес жұмыс күні ішінде ұсынады.»;

мынадай мазмұндағы 26-тармақпен толықтырылсын:

«26. Банк клиенттердің төлем қызметтеріне қолжетімділігін жаңғыруды ұйымдастыру мақсатында Ұлттық Банкке қорғалған байланыс арналары бойынша негізгі, сондай-ақ резервтік орталықта орналасқан ақпараттық жүйелердің өзекті бірегей сандық сәйкестендіргіштерінің (IP-мекенжайларының) тізбесін ұсынады. Негізгі, сондай-ақ резервтік орталықта орналасқан ақпараттық жүйелердің бірегей сандық сәйкестендіргіштері (IP-мекенжайлары) өзгерген жағдайда, банк Ұлттық Банкке қорғалған байланыс арналары бойынша деру хабарлайды.

Ұлттық Банк банктермен бірлесе отырып клиенттердің төлем қызметтеріне, оның ішінде төтенше жағдай кезеңінде қолжетімділігін жаңғыруға байланысты қажетті іс-шараларды жүзеге асырады.».

2. Банктер, Қазақстан Республикасының бейрезиденті банктердің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жыл ішінде ақпараттық жүйелердің негізгі және резервтік орталықтарын Қазақстан Республикасының аумағында орналастыру жөніндегі талаптардың орындалуын қамтамасыз етсін.
3. Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны³ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

³



- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Зан департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының⁴ орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
15.03.2022 ж. № 27130 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 ақпан № 10

«Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 және «Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қолақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14422 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларында: 63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«63. Банк үәкілдеп мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқта тұру туралы шешімін және (немесе) өкімін тиісті үәкілдеп мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға мына негіздердің біреуі бойынша:
1) банктің және оның клиенттің деректемелері Банктер және банк қызметі туралы заңның 60-1, 61-2, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген жағдайларда үәкілдеп мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы бұрын қабылданған шешімдерінде және (немесе) өкімдерінде көрсетілген деректемелерге сәйкес келмеген жағдайларды қоспағанда, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – Қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру қағидалары) сәйкес банктің және оның клиенттің деректемелері үәкілдеп мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімінде және (немесе) өкімінде көрсетілген деректемелерге сәйкес келмеген жағдайда;
2) егер мемлекеттік кірістер органының клиенттің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16533 болып тіркелген «Өткімдердің нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлінің 2018 жылғы 8 ақпандагы № 145 бүйрүғына сәйкес келмейтін нысандар ресімделсе және ұсынылса;
3) егер үәкілдеп органының немесе оның аумақтық органдарының жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21209 болып тіркелген «Лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған, сондай-ақ Республикалық палата мүшелігінен шығарылған жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы қағидаларын және өкімнің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрлінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 354 бүйрүғына сәйкес келмейтін нысандар ресімделсе;
4) егер үәкілдеп мемлекеттік органының немесе лауазымды тұлғаның клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұра туралы шешімі және (немесе) өкімі «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шотқа, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы және әлеуметтік төлемдерді,



тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан біржолғы зейнетақы төлемдерін, нотариустың депозиті талаптарымен енгізілген ақшаны, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылымы жинақтары түрінде тұрғын үй құрылымы жинақ банктегі банктік шоттардағы ақшаны есепке алуға арналған банктік шотқа, әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысу шенберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде ақша енгізуіне арналған мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың банктік шотына, кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкіне құрделі жөндеу жүргізу мақсатында шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдері негізінде өндіріп алуарды қоспағанда, кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін құрделі жөндеуге арналған жинақтар түріндегі банктік шоттардағы ақшаны, үәкілдегі мемлекеттік орган лицензиядан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесіндегі банктегі, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйлімдарының, ерікті жинақтау зейнетақы қорларының ақшасын, сондай-ақ үәкілдегі мемлекеттік орган лицензиядан айырған және қызметі мәжбүрлеп тоқтату процесінде тұрған Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйлімдары филиалдарының ақшасын есепке алуға арналған банктік шотқа ұсынылған жағдайда;

- 5) егер үәкілдегі мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) өкімі өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына ұсынылған жағдайда, орындаусыз операциялық үш күннің ішінде кері қайтарады.

Қағидалардың 63-тармағы 5) тармақшасының ережесі атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы үәкілдегі органдардың, оның аумақтық органдарының өндіріп алушылардың, лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырлыған жеке сот орындаушысының пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдеріне қолданылмайды.».

2. «Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында:

80 және 81-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«80. Ақша жөнелтушінің банкі мына:

- 1) егер төлем құжатында қолдан жасау белгілері болған, оның ішінде, егер төлем құжаты Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңының 56-бабында, Қағидаларда, жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасында жасалған шартта белгіленген рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерінің тәртібін бұза отырып берілген;
- 2) егер төлем құжатында мынадай:

Банктер және банк қызметі туралы заңының 60-1, 61-2, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген жағдайларды;

бенефициарға құқық иеленуші-банк Банктер және банк қызметі туралы заңының 60-1, 61-2, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген операциялардың шенберінде қызмет көрсетілген жағдайларда ақша жөнелтушінің банк шоттарына бұрын ұсынылған инкассолық өкімдерді орындау жағдайларын қоспағанда, түзетулер, толықтырулар және түзетілген жерлері болған жағдайда төлем құжатын орындаудан бас тартады. Осындаи инкассолық өкімдерді орындау бенефициар мен бенефициар банктің деректемелерін раставтың құқық иеленуші-банктің құжаты негізінде бенефициардың банктік деректемелерін (бенефициар банктің ЖСК, атаву және банктік сәйкестендіру коды) түзете отырып жүзеге асырылады;

Банктер және банк қызметі туралы заңының 70-бабында белгіленген жағдайларда мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банкте бенефициарға қызмет көрсетілген жағдайларда, ақша жөнелтушінің банк шоттарына бұрын ұсынылған инкассолық өкімдер мен төлем талаптарын орындау жағдайларын қоспағанда, түзетулер, толықтырулар және түзетілген жерлері болған жағдайда төлем құжатын орындаудан бас тартады. Осындаи инкассолық өкімдер мен төлем талаптарын орындау бенефициар мен бенефициар банктің деректемелерін растав отырып, бенефициардың жаңа банктік шоты ашылған



банк құжатының негізінде бенефициардың банктік деректемелерін (бенефициар банктің ЖСК, атавы және банктік сәйкестендіру коды) түзете отырып жүзеге асырылады;

- 3) Банктер және банк қызметі туралы заңының 60-1, 61-2, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген жағдайларда ақша жөнелтуші банктің төлем құжаттарында клиенттің ЖСК түзетуін қоспағанда, Қағидаларда көзделген жағдайларда төлем құжатын клиенттің басқа банктік шоттарынан орындау кезінде ақша жөнелтушінің ЖСК, ЖСН (БСН) төлем құжатында көрсетілген деректемелерге сәйкес келмеген;
- 4) салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндettі төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуге, міндettі зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналарын, міндettі қасіптік зейнетақы жарналарын, бірыңғай жиынтық төлемін аударуға арналған төлем құжатында көрсетілген ақша жөнелтушінің ЖСН (БСН) мемлекеттік кірістер органы ұсынатын деректермен сәйкес келмеген;
- 5) ақша жөнелтуші Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңының 31, 32, 35, 36, 37, 45 және 46-баптарында, Қағидаларда, сондай-ақ жөнелтуші мен банк арасында жасалған шарттың талаптарында белгіленген төлем құжатын жасау және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды сақтамаған;
- 6) Қағидаларға 1, 2, 4, 5, 12, 13, 14 және 15-қосымшаларда белгіленген нысандарға сәйкес келмеген;
- 7) басқа деректемелер (ЖСК, ЖСН (БСН) банктің клиентін сәйкестендірсе, мемлекеттік кірістер органы ұсынған инкассолық өкімді, сондай-ақ Қағидалардың 150-тармағының талаптарына сәйкес банктің клиентін сәйкестендіру кезіндегі сот орындаушысының инкассолық өкімін қоспағанда, клиенттің атавы төлем құжатында көрсетілген ақша жөнелтушінің атавына сәйкес келмеген;
- 8) төлем белгілеудің кодпен көрсетілуі оның мәтіндік беллігіне сәйкес келмеген;
- 9) бюджетке төлемдерді төлеу кезінде бюджеттік сыйынптау коды цифмен белгіленбеген;
- 10) төлем құжатында көрсетілген сомалар цифrlармен және жазумен сәйкес келмеген;
- 11) көлік құралына салық төлеу кезінде төлем құжатында көрсетілген көлік құралының сәйкестендіру нөмірі жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы орган ұсынған деректерге сәйкес келмеген;
- 12) жөнелтуші және жөнелтушінің банкі арасында жасалған шарттың талаптарында белгіленген талаптар сақталмаған;
- 13) Валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында, Экспорттық-импорттық валюталық бақылау қағидаларында көзделген;
- 14) банктік шоттан ақшаны өндіріп алу туралы талап мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, нотариус депозиті талабымен енгізілген ақшаны есептеуге арналған, сондай-ақ «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заң) 7-бабына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша ашылған банктік шотқа, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылымы жинақтары түріндегі тұрғын үй құрылымы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшага; жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоттардағы ақшага, әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысу шенберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде ақша енгізуіне арналған мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың банктік шотына қойылған жағдайларда;
- 15) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 742-бабының 2-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес бірінші, екінші және үшінші кезектерге жататын талаптар бойынша, сондай-ақ жеке әріптестің кредитор алдындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты және (немесе) концессия шарты бойынша талап ету құқығымен қамтамасыз етілген міндеттемелерін орындау шенберінде ұсынылған талаптар бойынша ақшаны алып қоюды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттарға талап ұсынылған жағдайда;



- 16) қарыз шарты бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу туралы төлем талабы алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған ағымдағы шотқа ұсынылған жағдайларда;
- 17) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне құрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде ақшаны алып алуды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін құрделі жөндеуге жинақтар болған банктік шотқа талап ұсынылған жағдайда;
- 18) егер қосымша құн салығы бойынша есеп айырысудың қозғалысын есепке алу үшін ашылған ағымдағы шоттан ақшаны алу мыналармен:
 - импортқа және бейрезидент үшін қосымша құн салығын қоса алғанда, бюджетке қосымша құн салығын төлеумен;
 - тауарларды жеткізушилерге қосымша құн салығын төлеумен;
 - тауарларды сатып алушылардың (алушылардың) қосымша құн салығын төлеуімен;
 - қосымша құн салығының сомаларын есепке алу және қозғалысы үшін ашылған өзге ағымдағы шотқа ақшаны есептеумен байланысты болмаған жағдайларда, төлем құжатын орындаудан бас тартады.

81. Бенефициардың банкі мына:

- 1) жөнелтуші Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңынң 31, 32, 35, 36, 37, 45 және 46-баптарында, Қағидаларда, сондай-ақ жөнелтуші мен банк арасында жасалған шарттың талаптарында белгіленген төлем құжатын жасау мен ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды сақтамаған;
- 2) рұқсат етілмеген төлем анықталған, сондай-ақ бенефициардың пайдасына аударылатын ақшаны заңсыз алудың негізделген фактілері анықталған және расталған;
- 3) ЖСК, ЖСН (БСН) бенефициардың деректемелерінен сәйкес келмеген, бенефициар банкінде ЖСК болмаған;
- 4) егер есептелеңтін ақша сомасы көрсетілген талаптармен байланысты емес болған жағдайда, клиент-жеке тұлғаның талабы бойынша мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге акы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, нотариус депозиті талабымен енгізілген ақшаны есептеу үшін ашылған, сондай-ақ Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заңынң 7-бабына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша ашылған ағымдағы шотқа ақшаны, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтары түріндегі тұрғын үй құрылыс жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаны, жеке сот орындашысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоттағы ақшаны, әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысу шенберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде ақша енгізуіне арналған мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың банктік шотына ақшаны есептеген жағдайда;
- 5) егер есептелеңтін ақша сомасы алименттерге (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшага) байланысты емес болған және (немесе) төлем белгілеудің кодтық белгісі алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақша) есептеу үшін бөлінген төлем белгілеудің кодтық белгісіне сәйкес келмеген жағдайда, клиент-жеке тұлғаның талап етуі бойынша алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есептеу үшін ашылған ағымдағы шотқа ақшаны есептеген;
- 6) егер есептелеңтін ақша сомасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес жасалған ақшалай талапты беруді қаржыландыру шарты, концессия шарты және (немесе) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты шенберінде төленетін инвестициялық шығындардың өтемақысын төлеуге байланысты емес болған жағдайда, ақшаны инвестициялық шығындардың өтемақыларын есептеуге арналған ағымдағы шотқа есептеген;
- 7) қосылған құн салығы бойынша есеп айырысулар қозғалысын есепке алу үшін ашылған ағымдағы шотқа ақшаны есептеу, егер есепке алынатын ақша сомасы қосылған құн салығына есеп айырысулар қозғалысымен, оның ішінде:
 - импортқа салынатын және бейрезидент үшін қосылған құн салығын қоса алғанда, бюджетке қосылған құн салығын төлеумен;



тауарларды жеткізушілерге қосылған құн салығын төлеумен;
тауарларды сатып алушылардың (алушылардың) қосылған құн салығын төлеуімен;
қосылған құн салығын төлеушінің өзге банктік шотынан ақшаны есептеумен;
Салық кодексінің 101-бабында айқындалған тәртіппен бюджеттен қайтарылған ақшаны есептеумен;
төлем қате болған не бенефициардың жабық банктік шотына ақша аударылған жағдайларда, қосылған құн салығы бойынша есеп айырысулар қозғалысын есепке алуға арналған ағымдағы шоттан бастама болған төлемді қайтаруға байланысты ақшаны есептеумен байланысты болмаса;

- 8) Валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында, Экспорттық-импорттық валюталық бақылау қағидаларында көзделген жағдайларда, төлем құжатын орындаудан бас тартады.

Бенефициар банкі бенефициардың атавы төлем құжатында көрсетілген атава сәйкес келмеген жағдайда, ал бенефициардың төлем құжатында көрсетілген басқа деректемелері (ЖСК, ЖСН (БСН) бенефициарды сәйкестендіретін болса, төлем құжатын орындаиды.

Мыналады:

- 1) ЖСК және БСН деректемелері сақталған кезде ақша жөнелтушінің және (немесе) бенефициардың үйімдік-құқықтық нысаны өзгерген, мемлекеттік орган және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесі қайта үйімдастырылған және атавы өзгерген жағдайды;
- 2) мемлекеттік кірістер органды бюджеттік сыйыптау кодтарын өзгертуен жағдайды қоспағанда, банк төлем құжатының деректемелерін өзгертуіне жол берілмейді.

Қағидалардың 95-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, бенефициар банкінің төлем құжатының деректемелерін өзгертуіне рұқсат етілмейді.»;

134-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«134. Егер клиентке банк шоты мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, алимменттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды қутіп-бағуға арналған ақшаны), Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындар өтемақыларын, нотариус депозиті талабымен немесе «Эскроу» режимінде банк шотына енгізілген ақшаны, сондай-ақ Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заңың 7-бабына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша ақшаны, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылыш жинақтары түрінде тұрғын үй құрылыш жинақ банктерінде банк шоттарындағы ақшаны, кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақ түріндегі ақшаны есепке алу үшін, жеке сот орындашысына өндіріп алушылардың пайdasына өндіріп алынған сомаларды сақтау үшін, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторға әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысу шенберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде ақша енгізу үшін ашылса, бұл жөніндегі мәліметтер де клиенттің банктік шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтамаларда көрсетіледі.».

3. Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс құні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Терағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған құннен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
10.03.2022 ж. № 27075 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 ақпан № 11

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем үйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-2-тармағы бірінші бөлігінің үшінші абзацынан сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем үйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем үйымдары осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай ішінде ішкі құжаттамасын осы қаулыға сәйкес келтірсін.
3. Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының⁵ орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы КҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.

⁵ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем үйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
15.03.2022 ж. № 27117 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 ақпан № 12

«Шетелдік қаржылық емес үйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 41 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші белгінің 61) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Шетелдік қаржылық емес үйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18509 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулемен бекітілген Шетелдік қаржылық емес үйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларында:

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімді бөлу туралы келісім бойынша зияндарды етешу және пайданы бөлу туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда) тоқсан сайын ұсынады.»;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Филиалдардың (өкілдіктердің) тізіміне енгізілген филиал (өкілдік) Ұлттық Банктің сұратуы бойынша сұратуда көрсетілген нысан бойынша және мерзімде жобаны іске асыру, қаржыландыру және қаржыландыруды қайтару, өзге де қаржы-өндірістік көрсеткіштер туралы болжамды ақпаратты өтініште көрсетілген нысанда және мерзімде ұсынады.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Филиал (өкілдік) Қағидалардың 4-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру тоқтатылған, әділет органдарында есептік тіркеуден шығарылған, жобаны іске асыру аяқталған және/ немесе Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында жобаларды іске асыру туралы есептерден алынатын көрсеткіштер серпіні қатарынан төрт тоқсан ішінде төмендеген кезде филиалдардың (өкілдіктердің) тізімінен алып тасталады.»;

1-қосымшада:

әкімшілік деректер нысанының титулдық параграфы осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшада:

әкімшілік деректер нысанының титулдық параграфы осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшада:

әкімшілік деректер нысанының титулдық параграфы осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

әкімшілік деректерді жинау нысаны осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес «б-бөлік. Филиалды (өкілдікти) қаржыландыру» кестесімен толықтырылсын;

әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірmede:



Мынадай мазмұндағы 19-1-тармақпен толықтырылсын:

«19-1. 6-бөлікте Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымнан алынған және есепті кезеңде оған қайтарылған қаржыландырудың нақты көлемі көрсетіледі.»;

4-қосымшада:

әкімшілік деректер нысанының титулдық парағы осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Төлем балансы департаменті (А.Б. Өскенбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 3.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
- 4.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
15.03.2022 ж. № 27128 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 ақпан № 13

«Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 57-1) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулемен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Есептік тіркеуге құжаттарды қағаз тасымалдағышта ұсынған кезде есептік нөмірі бар валюталық шарт параграфының түпнұсқасы немесе көшірмесі алушы жеke күелігін көрсеткен немесе өзінің жеke басын растиған (сәйкестендірген) кезде цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынады.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Егер капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартта оған қол қойылған күні (ол болмаған жағдайда – күшіне енген күні) шарттың сомасы көрсетілмесе, онда капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт есептік тіркелуге тиіс шарт ретінде қаралады.

Шарттың сомасы АҚШ долларынан басқа валютамен көрсетілген және АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамына нұсқау жоқ, капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік тіркеудің қолданылуын айқындау мақсаты үшін валюталық шарттың АҚШ долларындағы сомасының баламасын есептеу валюталық шартқа қол қойылған күнгі (ол болмаған жағдайда – валюталық шарт күшіне енген күнгі) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа оның сомасын ұлғайтатын өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген, валюталық операция сомасы новация шартын жасау арқылы ұлғайтылған жағдайда, валюталық шарт сомасын АҚШ долларымен ұлғайту баламасын есептеу қосымша келісімге, новация шартына қол қойған күнгі (ол болмаған жағдайда – қосымша келісім, новация шарты күшіне енген күнгі) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Сомасы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген шекті мәннен аспайтын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт бойынша, валюталық шартқа тиісті өзгерістер енгізбей шарттың сомасы нақты ұлғайған жағдайда валюталық шарт бойынша нақты орындалған міндеттемелер сомасының АҚШ долларындағы баламасын есептеу тиісті операциялар жүргізу күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Резидент талапты басқаға беру немесе борышты аудару нәтижесінде бейрезидентке талап ету құқығын не бейрезидент алдындағы борышты қабылдаған кезде, талаптың немесе сыйақы, комиссиялық ақы, айыппұл және басқа да төлемдер бойынша борыштың сомасын қоса алғанда, тиісінше талаптың немесе борыштың берілетін (қабылданатын) сомасы валюталық шарт сомасы болып танылады.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



«12. Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резидент тараптардың кез келгені осындаі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындауды бастағанға дейін капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды. Егер валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындауды оның қатысушысы-бейрезиденттің пайdasына беруге (ақшаның тусуіне) байланысты болса, онда капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резидент мүлікті (ақшаны) өзінің басқаруына алғанға дейін осындаі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды.

Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резидент валюталық шарт тараптары бірінің міндеттемелерді орындауды валюталық шартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізбей валюталық шарт сомасының нақты ұлғауына әкеп соқтырған жағдайда осындаі міндеттемені орындауды бастағанға дейін сомасы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген шекті мәннен аспайтын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды.

Талапты басқаға беру немесе борышты аудару, өтеусіз беру, мұрагерлік, кепілдік жағдайының басталу нәтижесінде, сottың шешімі бойынша бейрезидентке талап қою құқығын қабылдаған немесе бейрезиденттің алдындағы борышты қабылдаған резидент осындаі талап (борыш) туындаған күннен бастап, бірақ оның кез келген тарабының туындаған талабы (борышы) бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды.

Резиденттен сатып алу, өтеусіз беру, мұрагерлік нәтижесінде, сottың шешімі бойынша бейрезидент-заңды тұлғаның шет елдегі жылжымайтын мүлкіне (резидент-жеке тұлғаларды қоспағанда), капиталдағы үлесіне меншік құқығы өткен резидент меншік құқығы өткен күннен бастап, бірақ осындаі меншік құқығын иеліктен шығарғанға дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды.

Резидент (экспорттаушы немесе импорттаушы) мен бейрезидент арасында болған бастапқы міндеттеме міндеттемені орындаудың өзге нысанасын немесе тәсілін көздейтін және капитал қозғалысының операцияларына жататын сол тұлғалар арасындағы басқа міндеттемемен ауыстырылған кезде резидент ауыстырылған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, бірақ оның кез келген тарапының міндеттемелерін орындау басталғанға дейін капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды.»;

15, 16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Есептік нөмір берілген капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа жаңа есептік нөмір алу мынадай мәліметтер өзгерген кезде қажет етіледі:

- 1) капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың валютасы;
- 2) егер өзгеріс капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резиденттің талаптарындағы немесе міндеттемелеріндегі тұлғалардың ауысуына әкелетін болса, капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушылар;
- 3) егер өзгеріс капитал қозғалысы операциясын қайта жіктеуге және (немесе) есеп нысанының өзгеруіне әкелетін болса, валюталық шарттың мәні;
- 4) валюталық шартқа қатысушылардың-бейрезиденттердің сәйкестендіру деректері (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрақты тұратын елі, оның ішінде шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтық немесе құқықтар негізінде, заңды тұлғаның, заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) атауы, тіркеу елі);
- 5) басқа облысқа, респубикалық мәнді бар қалаға, астанаға көшкен (көшірілген) кезде – резиденттің тұрақты тұрган (орналасқан) жері;
- 6) заңды тұлға болып табылатын валюталық шартқа қатысушы-резиденттің қайта ұйымдастырылуына (қосылу, қосу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу) байланысты оның сәйкестендіру деректері.

16. Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт мынадай жағдайларда:

- 1) Қағидалардың 15-тармағында көзделген жағдайларда, жаңа есептік нөмір берілген кезде;
- 2) нәтижесінде валюталық шарттың сомасы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген шекті мәннен төмен болып белгіленетін немесе валюталық шарт Қағидалардың 17-тармағына сәйкес есептік тіркеуге жатпайтын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт талаптары өзгерген кезде;
- 3) қолданылу мерзімі өткен және (немесе) міндеттемелерді орындау мерзімі өткен валюталық шарт бойынша тараптардың міндеттемелерді орындауды болмаған кезде;
- 4) тараптар арасындағы міндеттемелер толық тоқтатылған кезде;



- 5) активті иелену аяқталған кезде;
- 6) нәтижесінде шарт бойынша операциялар капитал қозғалысының операциялары болып табылмайтын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт тараپтарының резиденттігі өзгерген кезде;
- 7) резидент заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне мәліметтер енгізу кезінде;
- 8) резидент-жеке тұлғаның қайтыс болуы, қайтыс болды деп жариялануы, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы және құқықтық мирасқорының болмауы кезінде;
- 9) бейрезидент-жеке тұлға қайтыс болған, қайтыс болды деп жарияланған, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың тараҧы болып табылатын бейрезидент-заңды тұлға тараҧылған кезде Ұлттық Банктің аумақтық филиалында есептік тіркеуден шығарылады және (немесе) оның есептік нөмірі есептік нөмірлер тізілімінен алып тасталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы резидент инвестициялау обьектісі болып табылатын, инвестициялау обьектісінің капиталына қатысатын, есептік нөмір берілген капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт бойынша шетелде жылжымайтын мүлікке меншік құқығын алатын жағдайларға қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 5), 6) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда резидент валюталық шартты есептік тіркеуден шығару және есептік нөмірлер тізілімінен есептік нөмірді алып тастау үшін Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4), 5), 6) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда, резидент өтінішпен бірге өтініште көрсетілген жағдайлардың басталғанын раставитын құжаттардың кешірмелерін ұсынады.

17. Мынадай капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттар есептік тіркелмейді:

- 1) Ұлттық Банк және (немесе) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қатысушылары болып табылатын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттар;
- 2) қатысушылары «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушылары болып табылатын, операциялар «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жүргізілетін капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттар;
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы қарыздары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздары туралы келісімдер.

Капитал қозғалысының мынадай операциялары көзделген валюталық шарттар есептік тіркелмейді:

- 1) Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, өзінің қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын шетелдік ұйымдардың филиалдары (екілдіктері) жүзеге асыратын операциялар;
- 2) банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, брокерлердің және (немесе) дилерлердің, басқарушы компаниялардың, өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының меншікті капитал қозғалысы операциялары;
- 3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының меншікті және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялауға байланысты операциялары;
- 4) мыналарды:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын;

резидент-эмитенттің басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес және оның аумағында шығарылған бағалы қағаздарын (базалық активі резидент-эмитенттің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда);

бейрезидент-эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарын (Қазақстанның депозитарлық қолхаттарын қоса алғанда) орналастыру және (немесе) сатып алу;

5) қайталама нарықта:

резиденттің бейрезиденттен резидент-эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған борыштық бағалы қағаздарын;



бейрезиденттің резиденттен бейрезидент-эмитеттің басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес және оның аумағында шығарылған борыштық бағалы қағаздарын сатып алу;

- 6) резиденттердің резидент-брокермен жасасқан брокерлік қызмет көрсету туралы шарттың негізінде немесе резидент-компанияның инвестициялық портфельді басқарушымен жасасқан инвестиациялық портфельді басқару жөніндегі шарттың негізінде жүзеге асырылатын операциялары;
- 7) зияткерлік творчестволық қызметтің нәтижесіне айрықша құқықты толығымен иелену;
- 8) резидент-жеке тұлғалардың жылжымайтын мүлікке меншік құқығын иеленуге, ақшаны және өзге валюталық құндылықтарды өтеусіз беруге байланысты операциялары.

Есептік нөмір:

- 1) егер осындағы беру нәтижесінде міндеттемелерді орындау немесе тоқтату не резидент бұрын есептік нөмір алған капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт бойынша валюталық құндылықтарға, шетелдегі жылжымайтын мүлікке меншік құқығын иеліктен шығару болса, резиденттің бейрезидентке (бейрезиденттің резидентке) ақшаны немесе өзге валюталық құндылықтарды не шетелдегі жылжымайтын мүлікке меншік құқығын өтеусіз беру шартына;
- 2) егер резидент бейрезиденттің инвестициялау объектісі капиталына резиденттің қатысуы (резиденттің акцияларды, қатысу үлестерін сатып алуы) бойынша, шетелдегі жылжымайтын мүлікті меншікке иелену бойынша капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт үшін бұрын есептік нөмір алса, резиденттің акцияларды, бейрезиденттің инвестициялау объектісі капиталына қатысу үлестерін, шетелдегі жылжымайтын мүлікті бейрезидентке сатуы бойынша шартқа;
- 3) егер резидент резидент-инвестициялау объектісінің капиталына бейрезиденттің қатысуы бойынша капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт үшін бұрын есептік нөмір алса, резидент-инвестициялау объектісінің бейрезиденттің меншікті акцияларды, капиталға қатысу үлестерін сатып алу шартына;
- 4) кепіл мүлкі – бағалы қағаздар, капиталға қатысу құралдары, жылжымайтын мүлік бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін аванстарға берілмейді.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Жеке тұлға, банк, Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік ұйымның филиалы (өкілдігі) және «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушысы ашқан шотты қоспағанда, шетелдік банкте банктік шотты, аллокирленбеген металл шотты ашу шетелдік банктегі шот туралы хабарлауға жатады.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Шетелдік банктегі шотқа есептік нөмір алу үшін резидент-занды тұлға Ұлттық Банктың аумақтық филиалына:

- 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті;
- 2) шетелдік банктің шот ашу туралы шоттың деректемелері көрсетілген құжаттың көшірмесін ұсынады. Егер құжат шет тілінде жасалса, онда оның қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы ұсынылады.

Қағидалардың 22-тармағында көзделген жағдайларда жаңа есептік нөмірді алу үшін осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген құжаттар, егер олар Ұлттық Банкке соғы ұсынылған сәттен бастап өзгермесе, қайта ұсынылмайды.»;

22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Шетелдік банктегі есептік нөмір берілген шотқа жаңа есептік нөмір алу мынадай мәліметтер өзгерген кезде талап етіледі:

- 1) шетел банкінің атауы;
- 2) басқа облысқа, респубикалық маңызы бар қалаға, астанаға көшкен кезде – резидент-занды тұлғаның орналасқан жері;
- 3) резидент-занды тұлғаның қайта ұйымдастырылуына (қосылу, қосу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу) байланысты оның сәйкестендіру деректері.

23. Шетелдік банктегі шот мына жағдайларда:

- 1) Қағидалардың 22-тармағында көзделген жағдайларда жаңа есептік нөмір берілген кезде;
- 2) шот жабылған кезде;



- 3) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне резидент-занды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы жазба енгізілген кезде;
- 4) шетелдік банк таратылған кезде Ұлттық Банктің аумақтық филиалындағы есептік тіркеуден шығарылады және оның есептік нөмірі есептік нөмірлердің тізілімінен алып тасталады.

Осы тармақтың бірінші 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда резидент-занды тұлға шетелдік банктегі шотты есептік тіркеуден шығару және есептік нөмірді есептік нөмірлердің тізілімінен алып тастау үшін Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті ұсынады.;

Қағидалардың осы тармағының бірінші 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда резидент-занды тұлға жазбаша хабарда көрсетілген жағдайлардың басталғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.»;

32 және 33-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне (қоса алғанда) дейін Ұлттық Банктің орталық аппаратына Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының бейрезиденттерден қаржылай қарыздар тарту талаптары туралы есепті ұсынады.

Валюталық операцияларды жүргізу жағдайларын нақтылау мақсатында банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы Ұлттық Банктің орталық аппаратының сұратуы бойынша қаржылай қарыз шартының көшірмесін ұсынады.

33. Банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне (қоса алғанда) дейін Ұлттық Банктің орталық аппаратына Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы бейрезиденттерден тартқан, есепті кезеңнің басында және (немесе) соңында өтелмеген міндеттемелері бар қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы есепті ұсынады.

Банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы есеп шеңберінде Ұлттық Банктің сұратуы бойынша қарожатты игеру және берешекті өтеу бойынша болжамды деректер туралы ақпаратты ұсынады.»;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Үекілетті банк ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 18 (он сегізіне) (қоса алғанда) дейін жүргізілген валюталық операциялар бойынша, оның ішінде клиенттің тапсырмасы бойынша жүргізілген, сомасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын шекті мәнге тең немесе одан асатын валюталық операциялар бойынша Ұлттық Банктің орталық аппаратына Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілген валюталық операциялар туралы есепті ұсынады.

Есепте валютасы АҚШ долларынан өзгеше валюталық операцияны көрсету мақсатында валюталық операция сомасының баламасы операция жүргізу күнгі валюталар айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып есептеледі.

Валюталық операцияларды жасау жағдайларын нақтылау мақсатында үекілетті банк Ұлттық Банктің сұратуы бойынша валюталық шарттың көшірмесін ұсынады.»;

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«47. Банкке бейрезиденттен қаржылай қарызға берілген хабарлама туралы күәлік капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады және Қағидалардың 16-тармағында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ Қағидалардың 15-тармағының 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде күші жойылған деп танылады.»;

1, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.



2. Төлем балансы департаменті (А.Б. Өскенбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының⁶ орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. 2022 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіletін осы қаулының 1-тармағының тоқсан үшінші абзацын және осы қаулыға 8-қосымшаны қоспағанда, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.

⁶ «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
15.03.2022 ж. № 27115 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 ақпан № 14

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына есептілік ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшага сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының есептілік ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.
2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
15.03.2022 ж. № 27129 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 ақпан № 15

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының кейір қаулыларына сақтандыру нарығына және бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың есептілікті ұсынуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі Басқармасының сақтандыру нарығына және бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың есептілікті ұсынуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейір қаулыларының тізбесі бекітілсін.
2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 3) Осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
10.03.2022 ж. № 27073 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 ақпан № 19

Цифрлық құжаттарды енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды үйимдастыру, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды есепке алу, сақтау, тасымалдау және инкассациялау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 18 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының цифрлық құжаттарды енгізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды үйимдастыру, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды есепке алу, сақтау, тасымалдау және инкассациялау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 18 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18297 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.
3. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Ж.Т. Қажымұратов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен бірлесіп (А.С. Касенов) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік тоқсан күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының он үшінші, он төртінші, он бесінші және он алтыншы абзацтарын, 2-тармағының тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші және жиырма төртінші абзацтарын, сондай-ақ 3-тармағының қоспағанды, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
15.03.2022 ж. № 27113 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 ақпан № 20

Қызметтің Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 3-2-тармағы бірінші бөлігінің үшінші абзацына сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қызметтің Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бекітілсін.
2. Қызметтің Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай ішінде ішкі құжаттаманы осы қаулыға сәйкес келтірсін.
3. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Ж.Т. Қажымұратов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен бірлесіп (А.С. Касенов) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
10.03.2022 ж. № 27072 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 ақпан № 21

«Қазақстан Республикасында автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 159 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 159 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19391 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 14) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қазақстан Республикасында автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының (бұдан әрі – банктер), банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың (бұдан әрі – инкассаторлық ұйымдар) Қазақстан Республикасында автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды (бұдан әрі – автомобильмен инкассаторлық тасымалдау) ұйымдастыру тәртібін нақтылайды.»;

2-тармақта:

3) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) инкассация қызметі – банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, инкассаторлық ұйымның, Ұлттық Банкінің банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қабылдауды, жинауды, жеткізуі, тасымалдауды, сақтауды және тапсыруды, сондай-ақ банкноттары, монеталары және құндылықтары бар клиентке ілесіп жүргеді жүзеге асыратын бөлімшесі;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды инкассация қызметі басшысының немесе кезекші инкассатордың тапсырмасы бойынша инкассация қызметі қызметкерлерінің бригадасы жүзеге асырады.

Инкассация қызметі қызметкерлерінің бригадасы көлік құралының банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бағыты және кестесі бойынша қозғалысын қандай да болсын ауытқуларсыз қамтамасыз етеді. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша тапсырманы орындауға байланысты емес адамдарды тасымалдау жүзеге асырылмайды.

Банктердің, инкассаторлық ұйымдардың көлік құралдарын банкноттар, монеталар және құндылықтар болып табылмайтын жүктерді тасымалдау үшін пайдалануына, сондай-ақ салонда газбен жабдықтаудың болуына немесе орнатылуына рұқсат етілмейді.»;

3-тарау алып тасталсын.

2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Ж.Т. Қажымұратов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:



- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының⁷ орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

⁷ «Қазақстан Республикасында автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 159 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
08.04.2022 ж. № 27488 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 31 наурыз № 30

«Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын тенгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 14 шілдедегі № 86 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын тенгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 14 шілдедегі № 86 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20972 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын тенгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектері:

- 1) АҚШ доллары үшін – 15 теңге,
2) евро үшін – 20 теңге болып белгіленсін.».
2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Ж.Т. Қажымұратов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы **ҚҰБ интернет-ресурсында** орналасқан



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
16.05.2022 ж. № 28060 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 сәуір № 32

«Қазақстан Республикасы Үлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы Үлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4361 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларында:

16-1-тармақ алып тасталынсын;

21-тармақ алып тасталынсын;

26-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26-2. Өтпелі кезең – жинақ портфелінің активтерін жаңа нысаналы стратегиялық бөлуге көшіру жүзеге асырылатын кезең.»;

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«52. Активтік басқарудағы акциялар портфелі үшін эталондық портфель Morgan Stanley Capital International компаниясы жасайтын әлемнің дамыған елдері компанияларының акцияларынан тұратын мамандандырылған индекс – MSCI World ex Sweden Index болып табылады.

Пассивтік басқарудағы акциялар портфелі үшін эталондық портфель келесі индекстерді қамтиды:

MSCI World ex Sweden Index – 100 (бір жұз) пайызға дейін;

MSCI World ex Sweden Minimum Volatility Index – 10 (он) пайызға дейін;

MSCI World ex Sweden Quality Index – 20 (жырыма) пайызға дейін;

MSCI World ex Sweden ESG Leaders Index – 20 (жырыма) пайызға дейін.

Күн сайын есептелеңін кірістілік көрсеткіші салықтарды есепке алмағанда, дивидендтерді қайта инвестициялауды есепке ала отырып, индекс кірістілігі болып табылады.»;

55-1-тармақ және 55-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«55-1. Акциялар портфелінің нарықтық құнының кемінде 80 (сексен) пайызын инвестициялау Қордың активтерін сыртқы басқарушылардың көмегімен жүзеге асырылады.

Үлттық Банк жүзеге асыратын акциялар портфелін хеджирлеуге арналған түйнды қаржы құралдары осы тармақтың бірінші бөлігінде айқындалған лимитті есептеуде ескерілмейді.

55-2. Үлттық Банк түйнды қаржы құралдарының көмегімен жүзеге асыратын акциялар портфелін хеджирлеу шығындарды барынша азайту және (немесе) акциялар портфелін жинақ портфелінің активтерін нысаналы стратегиялық бөлуге жақындуаты үшін жүргізіледі.

Мәмілелер жасасу кезінде Үлттық Банк жүзеге асыратын акциялар портфелін хеджирлеуге арналған түйнды қаржы құралдары бойынша барлық позициялардың абсолюттік мәндеріндегі номиналды құндарының сомасы акциялар портфелінің нарықтық құнының 100 (бір жұз) пайызынан аспайды.



Ұлттық Банк жүзеге асыратын акциялар портфелін хеджирлеуге арналған тұынды қаржы құралдары кірістілік ауытқуының құтілетін өзгермелілігін есептеуде ескерілмейді.»;

мынадай мазмұндағы 55-3-тармақпен толықтырылсын:

«55-3. Активтік басқарудағы акциялар портфелінің кірістілігі ауытқуының құтілетін өзгермелілігі (ex-ante tracking error) оған кіретін тұынды қаржы құралдарын есепке алғанда жылдық 7 (жеті) пайыздан аспайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шектеу асып кеткен жағдайда Ұлттық Банк оны асып кеткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен артық емес мерзімде жояды.»;

2-қосымша осы қаулыға қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Монетарлық операциялар департаменті (Н.А. Тұрсынханов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны⁸ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Терағасының жетекшілік ететін орынбасары Ә.М. Молдабековаға жүктелсін.
4. Осы қаулы⁹ алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

⁸ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

⁹ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
12.05.2022 ж. № 27998 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 сәуір № 35

«Төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 221 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-7) тармақшасына және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 22) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 221 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14297 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-7) тармақшасына және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 22) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қағидаларда Төлемдер және төлем жүйелері туралы занда және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14347 болып тіркелген «Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулысымен бекітілген Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларында кезделген ұғымдар пайдаланылады.»;

мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-тармақтармен толықтырылсын:

«4-1. Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңының 5-бабы 2-тармағының 7) және 9) тармақшаларының талаптарына сәйкес төлем жүйесі операторының төлем жүйесінде ақпараттық қауіпсіздік шараларын сақтау тәртібі мыналарды:

- 1) төлем жүйесінің инфрақұрылымы (бағдарламалық қамтамасыз ету және оның сипаттамалары, қуаттылығы, қолданылатын жабдық, резервтеуді қалпына келтіру және қорғау әдістері) жөніндегі мәліметтерді;
- 2) төлем жүйесінің инфрақұрылымында қолданылатын технологияларды жетілдіру әдістері жөніндегі мәліметтерді;
- 3) төлем жүйесі инфрақұрылымының халықаралық стандарттарға сәйкес келуі жөніндегі мәліметтерді;
- 4) төлем жүйесінің инфрақұрылымында ақпараттық қауіпсіздікті сақтау жөніндегі шараларды қамтиды, олар мыналарды:

төлем жүйесінің инфрақұрылымында ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін ұйымдастыруды, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіруді және бақылауды және қатерлерді анықтау және талдау, шабуылдарға қарсы іс-қимыл жасау және ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқынадарын тергеп-тексеру жөніндегі іс-шараларды;

төлем жүйесінің инфрақұрылымында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін әдіснамалық қолдауды;

төлем жүйесі инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігін басқару әдістерін, құралдары мен тетіктерін таңдауды, енгізуді және қолдануды, қамтамасыз етуді және бақылауды;

төлем жүйесінің инфрақұрылымында ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты жинауды, шоғырландыруды, сақтауды және өндедеуді;

төлем жүйесінің инфрақұрылымында ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты талдауды;

төлем жүйесінің инфрақұрылымында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін автоматтандыратын бағдарламалық-техникалық құралдарды енгізуді, тиісті жұмыс істеуін, сондай-ақ оларға қолжетімділікті ұсынуды;

төлем жүйесінің инфрақұрылымында артықшылық берілген есептік жазбаларды пайдалану бойынша шектеулерді айқындауды;

төлем жүйесі операторы қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздік мәселелерінде хабардар болуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды үйімдастыруды және өткізуді;

төлем жүйесі операторының ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесінің жай-күйін мониторингтеуді;

төлем жүйесі операторының басшылығына ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің жай-күйі туралы мерзімде түрде (бірақ жылына бір реттен сиретпей) хабарлауды;

төлем жүйесінің инфрақұрылымында ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты кемінде бес жыл сақтауды;

Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасындағы операциялар бойынша іске асырылған төлем жүйесінің инфрақұрылымындағы ақпараттық қауіпсіздіктің анықталған мынадай:

төлем жүйесінің инфрақұрылымында қолданбалы және жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етудегі осалдықтарды пайдалануға;

төлем жүйесінің инфрақұрылымында ақпараттық жүйеге рұқсатсыз кіргуға;

төлем жүйесінің инфрақұрылымында ақпараттық жүйеге немесе деректерді беру желісіне «қызмет көрсетуден бас тарту» шабузылына;

төлем жүйесінің инфрақұрылымында серверді зиянды бағдарламамен немесе кодпен (оқыс оқиғамен) зақымдауға;

төлем жүйесінің инфрақұрылымында ақпараттық жүйелердің және бағдарламалық қамтамасыз етудің қауіпсіздігін бақылаудың бұзылуы салдарынан ақшаны рұқсатсыз аударуға алып келген оқыс оқиғалары туралы хабардар етуді қамтиды.

Осы тармақта көрсетілген төлем жүйесінің инфрақұрылымындағы ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты төлем жүйесінің операторы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ төлем жүйесінің операторы осындай оқыс оқиғаны анықтаған кезден бастап қырық сегіз сағаттан кешіктірмей ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасын анықтау фактісі бойынша Қағидаларға 1-1-қосымшага сәйкес нысан бойынша және оны ұсыну кезінде оқыс оқиға туралы қолжетімді ақпараттың көлеміне сәйкес ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасының картасы түрінде береді.

Ақпараттық қауіпсіздіктің әрбір оқыс оқиғасына ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасының жеке картасы толтырылады.

4-2. Төлем жүйесінің инфрақұрылымында төлем жүйесі операторының төлем жүйесінде қолданылатын технологиялары бойынша ақпаратты қамтитын ақпараттық жүйелер жөніндегі мәліметтерде бағдарламалық модульдердің сипаттамасы қамтылады, олар мыналарды:

- 1) жабдықтың кез келген участкесінде кез келген уақытта әлектр қуаты толық немесе ішінара ажыратылған кезде ақпаратты сенімді сақтауды, рұқсатсыз қолжетімділікten қорғауды, дерекқордың тұтастығын және электрондық архивтер мен дерекқорлардағы ақпараттың толық сақталуын;
- 2) әкімші және пайдаланушы сияқты кірудің кемінде екі деңгейін көздейтін бағдарламалық қамтамасыз етуде іске асырылған кіріс деректеріне, функцияларға, операцияларға, есептерге көп деңгейлі қолжеткізуі;
- 3) есепке алу жүйелерінде сақталатын деректерді резервтеу және қалпына келтіру мүмкіндігін;
- 4) мынадай атрибуттарды: оқиғаның басталған күні мен уақытын, оқиғаның атауын, іс-әрекетті жүргізген пайдаланушыны, жазбаның сәйкестендіргішін, оқиғаның аяқталған күні мен уақытын, оқиғаның орындалу нәтижесін сақтай отырып, ақпараттық жүйеде орын алған оқиғаларды тіркеуді және сәйкестендіруді қамтамасыз етеді.»;



осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қолданысқа енгізілгенге дейін Үлттық Банкті қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін төлем жүйелерінің операторлары осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Үлттық Банкіне Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14297 болып тіркелген «Төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу қағидаларының 4-тармағының 2-бөлігінде көзделген мәліметтер мен құжаттарды қағаз тасымалдаышта не электрондық түрде ұсынысын.
3. Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
11.05.2022 ж. № 27971 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 28 сәуір № 41

«Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 47 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 47 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22608 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидаларында:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Іріктеуге:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын іске асыруға, зерттеу, ғылыми қызметтерге немесе пікіртерім жүргізу, деректерді интеграциялау арқылы деректерді жинау, сақтау және (немесе) өңдеу жөніндегі қызметке байланысты мақсаттарға, міндеттер мен функцияларға сәйкес қызметті жүзеге асыратын;
- 2) тарату немесе банкроттық процесінде емес занғы тұлға болып табылатын ізденуші жіберіледі.»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Екі және одан көп өтінім берген ізденуші әр өтінім бойынша әртүрлі жетекші орындаушылардың зерттеу жүргізуін қамтамасыз етеді.

Ізденушіге әрбір зерттеу тақырыбына бір гранттан артық берілмейді.»;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Өтінімді ұсына отырып, ізденуші мыналарға:

- 1) өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды тәуелсіз рецензенттердің қарауына жіберуге;
- 2) шығыстар сметасын түзету туралы Ұлттық Банктің ұсынысын қарауға;
- 3) грант алушы туралы ақпаратты (занғы тұлғаның атауы, зерттеу тақырыбы және жетекші орындаушылар) Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында жариялауға;
- 4) Ұлттық Банктің занмен қорғалатын құпиялардан тұратын мәліметтерді қоса алғанда, өтінімдегі және (немесе) оған қоса берілетін құжаттардағы дербес деректерді жинауына, өңдеуіне, сақтауына және пайдалануына;
- 5) дәйексіз деректерді және (немесе) құжаттарды ұсыну фактілері анықталған кезде ізденушілерді іріктеудің кез келген кезеңінде өтінімді қабылдамауға;
- 6) өтінімде көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде Ұлттық Банкке дереу хабарлауға;
- 7) Ұлттық Банктің жетекші орындаушылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, ұсынылған мәліметтерді тексеруіне және ұсынылған құжаттарды сақтауына;
- 8) Ұлттық Банктің зерттеу нәтижелерін өз қызметінде пайдалануына;



- 9) грант беру талаптары мен оның өтінімі мақұлданған кезде мынадай міндеттемелерді қабылдаумен:
грант сомасын нысаналы және үтymды пайдалануды қоса алғанда, грант беру туралы шарт пен өтінім талаптарына сәйкес зерттеу жүргізуді қамтамасыз етуге;
грант есебінен зерттеу жүргізуге және қол жеткізілген нәтижелерге, оның ішінде зерттеу жүргізудің толықтығы мен уақтылығына жауапты болуға;
зерттеу жүргізуге қажетті іс-шараларды (жұмыстарды) жүргізу үшін жетекші орындаушыларды үй-жаймен, коммуникацияларға және басқа да инфрақұрылымға қол жеткізумен қамтамасыз етуге;
жетекші орындаушыларды авторлар үшін жалпы қабылданған этикалық нормалармен және ғылыми жарияланымдардың қағидаттарымен (Committee on Publication Ethics – COPE) оларды сақтау қажеттілігі туралы хабардар ете отырып таныстыруға;
грант беру туралы шартта көрсетілген мерзімде зерттеу нәтижесі туралы аралық және қорытынды есептерді ұсынуға;
әрбір жетекші орындаушымен грант беру талаптарына сәйкес азаматтық-құқықтық және (немесе) еңбек шарттарын жасасуға;
жетекші орындаушыларға олармен жасалған шарттарда көзделген ақша сомасын уақтылы және толық көлемде төлеуге;
Ұлттық Банкке грант беру туралы шартта көзделген мерзімде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бөлінген гранттың пайдаланылуы туралы есеп беруге;
шарттық міндеттемелер орындалмаған не тиісінше орындалмаған, оның ішінде Ұлттық Банк грант сомасын нысаналы пайдаланбау немесе грант сомасын үнемдеу (толық игермеу) фактісін анықтаған кезде, грант беру туралы шартта белгіленген мерзімде грантты қайтаруды (ішінара қайтаруды) жүзеге асыруға;
грант беру туралы шартта көрсетілген мерзімде Ұлттық Банкті жетекші орындаушылардың рецензияланатын мерзімді және (немесе) ғылыми басылымының атауын және нөмірін көрсете отырып, рецензияланатын мерзімді және (немесе) ғылыми басылымдарда зерттеу нәтижелерін жариялау факті туралы хабардар етуге;
грант беру туралы шарт шенберінде орындалған зерттеу нәтижесін жариялау және (немесе) тарату кезінде Ұлттық Банктен грант алу туралы ақпаратты көрсетуге;
- 10) жетекші орындаушының зерттеу жүргізуге тек бір ізденушіде және бір зерттеу тақырыбы бойынша қатысуына өзінің келісімін және оның жетекші орындаушылардан жазбаша келісім алғанын растайды.
- Ізденуші Ұлттық Банкке өтінім бергенге дейін әрбір жетекші орындаушыдан Қағидалардың осы тармағының 1) – 10) тармақшаларында көзделген талаптармен жазбаша келісін алады.»;
- 29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «29. Өкілдіктің жауапты бөлімшесі өтінімді ізденушінің Қағидалардың 19-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес зерттеу жүргізу үшін грант алуға өтінім нысанына өтінімнің сәйкестігін, ондағы мәліметтер мен Қағидалардың 22-тармағында көзделген құжаттардың толықтығын тексереді.
- Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген өтінімді тексеру нәтижесі бойынша Өкілдіктің жауапты бөлімшесі өтінім келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ізденушіге:
- 1) ескертулер болмаған кезде ізденушілерді іріктеуге өтінімді жіберу туралы;
 - 2) ізденуші Қағидалардың 19-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген кезде себептерін көрсете отырып, ізденушілерді іріктеуге жіберуден бас тарту туралы;
 - 3) ізденуші мәліметтер мен өтінімге қоса берілетін құжаттарды толық ұсынбаған не өтінім Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес зерттеу жүргізу үшін грант алуға өтінімнің нысанына сәйкес келмеген кезде, себептерін көрсете отырып, өтінімді пысықтауға қайтару туралы хабарлама жібереді.
- Ізденуші өтінімді пысықтау қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде пысықталған өтінімді Ұлттық Банкке ұсынады.
- Ізденушінің өтінімге бір реттен артық емес және өтінімді пысықтау қажеттігі туралы хабарламада көрсетілген ескертулер бойынша ғана өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне жол беріледі.
- Ізденуші белгіленген мерзімде ұсынған пысықталған өтінімге ескертулер болмаған кезде, Өкілдіктің жауапты бөлімшесі пысықталған өтінім келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ізденушіге оның ізденушілерді іріктеуге жіберілгені туралы хабарлама жібереді.

Пысықталған өтінім белгіленген мерзімде ұсынылмаған немесе хабарламада көрсетілген ескертулер жойылмаған кезде, Әкілдіктің жаупты бөлімшесі пысықталған өтінімді ұсынудың белгіленген мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ізденушілерді іріктеуге жіберуден бас тарту туралы хабарлама жібереді.»;

31, 32 және 33-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Үәкілетті бөлімше және тәуелсіз рецензенттер іріктеуге жіберілген ізденушілердің өтінімдерін қарайды және олар бойынша қорытындыларды дайындаиды.

Үәкілетті бөлімше іріктеуге жіберілген ізденушілерден өтінімді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тәуелсіз рецензенттерге оның көшірмесін және Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тәуелсіз рецензенттің ізденушімен мұдделер қайшылығының болуы не болмауы туралы хабарлама нысанын қарауға жолдайды.

Мұдделер қайшылығы болған кезде тәуелсіз рецензент үәкілетті бөлімшеден өтінімнің көшірмесін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде мұдделер қайшылығының бар екендігі туралы хабарламаны қоса бере отырып, оны қараусыз қайтарады.

Мұдделер қайшылығы болмаған кезде тәуелсіз рецензент өтінімнің көшірмесін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде мұдделер қайшылығы жоқтығы туралы хабарламаны және өтінімнің көшірмесін алған күннен бастап құнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмейтін мерзімде өтінім бойынша қорытындыны үәкілетті бөлімшеге ұсынады.

32. Үәкілетті бөлімше және тәуелсіз рецензенттер дайындаған өтінім бойынша қорытындыларда мынадай ақпарат:

- 1) ұсынылатын зерттеу әдіснамасы сипаттамасының толықтығы мен айқындылығы, оның негізdemelігі және әмпирикалық талдау үшін пайдалануға ұсынылатын деректерге қойылған зерттеу міндетіне сәйкестігі, дәйексөзбен баяндаптывын әдебиеттің өзектілігі;
 - 2) зерттеудің жетекші орындаушыларының құзыяреттілігі мен ғылыми қоры – олардың жарияланымдарының деңгейін, мәлімделген саладағы жұмыс тәжірибесін, зерттеулерді іске асырудың беделі мен тәжірибесін (бар болса) қоса алғанда, өтінімде көрсетілген тақырып бойынша зерттеу жүргізу үшін жетекші орындаушылардың біліктілігін бағалау;
 - 3) зерттеу жоспарының сапасы мен іске асырылуы – зерттеудің күтілетін нәтижелеріне қолжеткізуі және олардың практикада қолданылуын, ізденушіде өтінімде көрсетілген зерттеуді орындау үшін жеткілікті материалдық-техникалық ресурстары болуын қоса алғанда, зерттеулер жоспарында көзделген іс-шаралардың сапасын, негізdemelігін және орындалуын бағалау;
 - 4) жетекші орындаушылар жұмысайтын уақыттың негізdemelігін бағалауды, қосымша орындаушыларды тарту, сондай-ақ шығыстар сметасында көзделген іс-шараларды жүргізу қажеттілігін қоса алғанда, өтінімде көрсетілген зерттеудің күтілетін нәтижелерін алу түрғысынан шығыстар сметасының негізdemelігі;
 - 5) өтінімнің күшті және нашар жақтары – зерттеудің мәлімделген мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін өтінімнің негізгі артықшылықтары мен оның сипаттамаларын, сондай-ақ өтінімнің негізгі кемшіліктерін және олардың күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ету дәрежесін бағалау;
 - 6) комиссияға берілген өтінім бойынша гранттарды беру, оның ішінде гранттарды беру не бермеу бойынша ұсынымдар қамтылады.
- 33. Шығыстар сметасын түзету қажеттілігі туралы ұсынысты, ол болған кезде, үәкілетті бөлімше гранттар беру жөніндегі комиссияның қарауына шығарады.**

Гранттар беру жөніндегі комиссия шығыстар сметасына түзетулер енгізу қажеттілігі туралы ұсынысты мақұлдаған кезде, үәкілетті бөлімше гранттар беру жөніндегі комиссия шығыстар сметасына түзетулер енгізу қажеттігі туралы ұсынысты мақұлдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осындағы түзету қажеттілігі туралы ізденушіге хабарлама жібереді.

Ізденуші үәкілетті бөлімшеден шығыстар сметасын түзету қажеттілігі туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде түзетілген шығыстар сметасын не түзетулер енгізуден бас тартуды ұсынады.

Белгіленген мерзімде түзетілген шығыстар сметасын ұсынбаған не шығыстар сметасын түзетуден бас тартуды ұсынған ізденушінің өтініші қаралмайды.»;

Мынадай мазмұндағы 38-1-тармақпен толықтырылсын:

«38-1. Ізденушінің немесе грант алушының өтініші негізінде гранттар беру жөніндегі комиссияның шешімімен жетекші орындаушынымен азаматтық-құқықтық немесе еңбек шарты тоқтатылған (бұзылған) жағдайда



не осы жұмысты жалғастыруға кедергі келтіретін және оны жалғастыру мүмкіндігін болдырмайтын оның денсаулық жағдайы салдарынан жетекші орындаушыны ауыстыруға жол беріледі. Өтініште мұндан ауыстырудың негіздері қамтылады, оған зерттеу жүргізу үшін басқа жетекші орындаушының біліктілігін растайтын құжаттар қоса беріледі. Жетекші орындаушы ауыстырылған кезде өтінімде көрсетілген еңбекақы төлеу шығыстары үлғайтуға жатпайды.»;

40 және 41-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Грант сомасы мына тәртіпте:

берілген грант сомасынан 30% (отыз пайыз) – Ұлттық Банк пен грант алушы грантты беру туралы шартқа қол қоған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;

берілген грант сомасынан 40% (қырық пайыз) – Ұлттық Банк грантты алушы ұсынған зерттеу нәтижесі туралы аралық есепті және бөлінген грантты пайдалану туралы есепті келіскең күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;

берілген грант сомасынан 30% (отыз пайыз) – гранттар беру жөніндегі комиссия грантты алушы ұсынған зерттеулер нәтижелері туралы қорытынды есепті мақұлдаған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде беріледі.

Егер грант алушы қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) төлеуші болып табылса, онда грант сомасы ҚҚС сомасын ескере отырып беріледі.

41. Қағидалардың 40-тармағына сәйкес грант сомасын аудару үшін грант алушы грант беру туралы шартта көзделген мерзімдерде Ұлттық Банктің қарауына:

- 1) зерттеу нәтижелері туралы аралық есепті;
- 2) шығыстардың әрбір бабы бойынша:

гранттар беру жөніндегі комиссия мақұлдаған өтінімде көрсетілген жоспарланған сомаларды;

гранттың нақты жұмсалған сомасын;

ұнемді;

талдама мен негіздеме талап етілмейтін үстеме шығыстарды қоспағанда, көрсетілген шығыстарды растайтын құжаттарды көрсете отырып, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бөлінген гранттың пайдаланылуы туралы есептерді;

- 3) жетекші орындаушылардың зерттеу нәтижелері бойынша мақалаларды болжамды жариялауы туралы ақпаратты көрсете отырып, зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есепті ұсынады.

Грант сомасын пайдалану туралы есепті ұсына отырып, грант алушы грант сомасын пайдалану туралы есепте және оған қоса берілетін құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дәйектілігі мен толықтығын растайды.»;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Үәкілдепті бөлімше күнтізбелік 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде грант алушы ұсынған зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есепті қарайды, оған талдау жүргізеді және зерттеу мақсатына қол жеткізу, зерттеу талаптарына сәйкестігі, грант беру туралы шартта көрсетілген іс-шараларды жүргізу туралы қорытынды дайындауды.»;

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«52. Гранттар беру жөніндегі комиссия гранттың толық немесе ішінара қүшін жою және (немесе) бұрын берілген грант сомасын қайтару туралы шешім қабылдаған кезде, грант алушы бұрын берілген грант сомасын толық немесе ішінара қайтарады. Егер грант алушы ҚҚС төлеуші болып табылса, онда грант алушы берілген грант сомасын ҚҚС сомасын ескере отырып қайтарады.»;

1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің Департаменті – зерттеулер және талдама орталығы (С.Б. Ағамбаева) Қазақстан Республикасының занчамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Зан департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының¹⁰ орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің басшысы В.А. Тутушкинге жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.

¹⁰ «Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 19 сәуірде № 47 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
04.06.2022 ж. № 28372 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 25 мамыр № 44

«Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің бюджет қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары кезіндегі өтемақы төлемдерінің мөлшерлерін және тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі № 123 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің бюджет қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары кезіндегі өтемақы төлемдерінің мөлшерлерін және тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі № 123 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19205 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 145-бабына, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 319-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 88) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**;»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің бюджет қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары кезіндегі өтемақы төлемдерінің мөлшерлерін және тәртібін айқындау қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Іссапар уақытында қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) және іссапар құндеріне сәйкес келетін жұмыс құндері үшін жалақысы сақталады.».

2. Адам капиталын дамыту департаменті (Ш.Т. Тоқбергенова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының¹¹ орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.

¹¹ «Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің бюджет қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары кезіндегі өтемақы төлемдерінің мөлшерлерін және тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі № 123 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
04.07.2022 ж. № 28692 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 22 маусым № 49

«Қаржы үйымдарының банк операциярының жекелеген түрлерін және басқа да операцияларды жүргізуіне шектеулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 292 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қаржы үйымдарының банк операцияларының жекелеген түрлерін және басқа да операцияларды жүргізуіне шектеулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 292 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9125 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 51-2-бабы төртінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**;»;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қаржы үйымдарының банктік және басқа операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуіне шектеу белгіленсін.

2. Екінші деңгейдегі банк қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін «Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндепті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген) сәйкес есептейді.

Қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің ең жоғары деңгейі 0,5 (нөл бүтін оннан бес) болады.».

2-1, 2-2, 3, 4, 5, 7, 8, 9 және 10-тармақтар алып тасталсын.

2. Қаржылық тұрақтылық және зерттеулер департаменті (О.М. Қубенбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының¹² орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Терағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.

¹² «Қаржы үйымдарының банк операцияларының жекелеген түрлерін және басқа да операцияларды жүргізуіне шектеулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 292 қаулысына өзгерістер енгізу туралы



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
05.07.2022 ж. № 28707 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 22 маусым № 51

«Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Қазақстан Республикасы үлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Қазақстан Республикасы үлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16922 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Қазақстан Республикасы үлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларында:

3-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) құрамдас бөліктері бар коллекциялық монеталар – түрлі материалдардан жеке-жеке жасалған және бір монетаның бірынғай композициясына өзара біріктірілген екі және одан да көп бөліктен тұратын коллекциялық монеталар;»;

10, 11, 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Үлттық Банктің филиалы және (немесе) Үлттық Банктің Орталығы инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатқан және (немесе) сатып алған жағдайда, инвестициялық және (немесе) коллекциялық монетаны сатып алған немесе сатып алуға тапсыратын жеке, заңды тұлғаларды (олардың өкілдерін) сәйкестендіреді, сондай-ақ оларды «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 18-бабының 2-тармағы 1-1) тармақшасының талабына сәйкес тексереді.

11. Инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сату кезінде жеке, заңды тұлғалар (олардың өкілдері) Үлттық Банктің филиалына немесе Үлттық Банктің Орталығына жеке басын күеландыратын құжатты не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған, олардың жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректерді, инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алуға өкілдігін растайтын құжаттың түпнұсқасын (жеке немесе заңды тұлға атынан өкілдік еткен жағдайда) ұсынады.

Жеке, заңды тұлғалар (олардың өкілдері) инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алуға тапсырған кезде:

- 1) Қағидаларға 1, 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алу үшін тапсыруға арналған етінішті (бұдан әрі – Өтініш) 2 (екі) данада толтырады, оның біреуі Үлттық Банктің филиалында немесе Үлттық Банктің Орталығында қалады, ал екіншісі жеке, заңды тұлғаларға (олардың өкілдеріне) беріледі;
- 2) Үлттық Банктің филиалына немесе Үлттық Банктің Орталығына жеке басын күеландыратын құжатты не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған, олардың жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректерді, инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алу үшін тапсыруға өкілдігін растайтын құжатты (жеке немесе заңды тұлға атынан өкілдік еткен жағдайда) ұсынады.

12. Инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сату кезінде жеке, заңды тұлғаларды (олардың өкілдерін) сәйкестендіру инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алу өкілдігін растайтын құжатта (жеке немесе заңды тұлға атынан өкілдік еткен жағдайда) көрсетілген мәліметтерді жеке басын күеландыратын құжаттың деректерімен не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған олардың жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректермен салыстырып тексеру арқылы жүзеге асрылады.



Инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алу кезінде жеке, заңды тұлғаларды (олардың өкілдерін) сәйкестендіру Өттініште және сатып алу үшін инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды тапсыру өкілеттігін растайтын құжатта (жеке немесе заңды тұлға атынан өкілдік еткен жағдайда) көрсетілген мәліметтерді жеке басын куәландағыратын құжаттың деректерімен не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған, олардың жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректермен салыстырып тексеру жолымен жүзеге асырылады.

Жеке басын куәландағыратын құжатта не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған, олардың жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректерде орналастырылған фотосуретті ұсынушының жеке басымен көзben шолып салыстыру да жүргізіледі.

Қағидалардың 10 және 11-тармақтарында көзделген талаптар екінші деңгейдегі банктеге, Ұлттық пошта операторына және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылмайды.»;

13-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер жеке, заңды тұлғалар (олардың өкілдері) жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландаураға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландаурумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болса, Ұлттық Банктің филиалы және (немесе) Ұлттық Банктің Орталығы инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сату және сатып алу бойынша кассалық операцияларды жүргізуі тоқтата тұру және бас тарту бойынша шаралар қабылдайды.»;

1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын.

- 2.** Қолма-қол ақша айналасы департаменті (А.С. Адибаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 3.** Осы қаулының¹³ орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
- 4.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.

¹³ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 қаулысына өзегерістер енгізу туралы



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
05.07.2022 ж. № 28708 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 22 маусым № 52

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына қолма-қол ақша айналысы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

- «Қазақстан Республикасы үлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы үлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 253 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7926 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**;»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы үлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы үлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді;»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қазақстан Республикасы үлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы үлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Банктерге келіп түскен тозған және бүлінген банкноттар мен монеталар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19680 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 231 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Үлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын занды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген тәртіппен сұрыпталады, айналысқа жіберілмейді және Үлттық Банктың филиалдарына өткізіледі.».

- «Қазақстан Республикасының үлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 228 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12946 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**;»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының үлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қазақстан Республикасының үлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының



ұлттық валютасының айналыстағы ұлттық валютасы айналыстағы ақша белгілерінің (бұдан әрі – ақша белгілері) дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру тәртібін айқындаиды.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Ұлттық Банк Басқармасының айналыстағы ескі үлгідегі ақша белгілерін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстыру туралы қаулысы қолданысқа енгізілген күннен бастап Ұлттық Банк Ұлттық Банктің өкілдіктеріне және филиалдарына, банктерге, Ұлттық пошта операторына, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына, шет елдердің орталық (ұлттық) банктеріне және Халықаралық қылмыстық полиция үйімінше (Интерпол) айналыстағы ақша белгілерін ауыстыру мерзімдері туралы ақпаратты мәлімет үшін жібереді.».

- 2.** Колма-қол ақша айналысы департаменті (А.С. Адибаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 3.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Терағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
- 4.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
05.07.2022 ж. № 28706 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 22 маусым № 55

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін үйімдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және қорсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін үйімдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және қорсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының

2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17374 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қорсетілген қаулемен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін үйімдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және қорсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларында:

1-тармақтың он тоғызынышы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«дүлей күш жағдайларының туындауы кезінде өткізілетін іс-шаралар шенберінде, оның ішінде төтенше оқиғаларды және олардың салдарларын алдын алуға және жоюға бағытталған, сондай-ақ тез арада қалпына келтіруді талап ететін тетіктердің, агрегаттардың, жабдықтардың, бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етулердің, қосалқы бөлшектердің және материалдардың сынуы, іsten шығуы туындағанда (растая құжаттары болған кезде), электр энергетикалық обьектілердегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды обьектілеріндегі, ерекшемаңызды мемлекеттік обьектілердегі жәнеттеррористтік тұрғыдан осал обьектілердегі, сондай-ақ өнеркәсіп салаларының және қызмет тұрлерінің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10310 болып тіркелген «Қауіпті өндірістік обьектілерді сәйкестендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлік 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 353 бүйріғына сәйкес қауіпті өндірістік обьектілер ретінде сәйкестендірілген обьектілеріндегі апартарды жою үшін тауарларды, жұмыстарды, қорсетілетін қызметтерді;»;

2-тармақтың онынышы тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі – «Мемлекеттік сатып алу туралы» (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алу туралы зан), «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қалыптастырылатын әлеуетті жеткізушилер мен жеткізушилердің тізбесі;»;

90-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«90. Тендерлік комиссия әлеуетті жеткізушилердің және (немесе) оның қосалқы мердігерлерінің (бірлескен орындаушыларының):

- 1) банкроттық рәсіміне не таратуға қатысы жоқтығы;

- 2) олар туралы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде мәліметтердің болуы немесе болмауы;
- 3) атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлердің тізіліміне сәйкес атқарушылық құжаттар бойынша респубикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде орындалмаған міндеттемелердің болуы;
- 4) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты үйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты үйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі әлеуетті жеткізушінің және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшыларының (акционерлерінің) болмауы бөлігінде сәйкестігін нақтылау мақсатында тиісті үәкілді органдардың интернет-ресурсында не мемлекеттік ақпараттық жүйесінде орналастырылған ақпаратты қарайды.»;

93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«93. Әлеуетті жеткізуші мынадай:

- 1) тендерлік өтінім тендер талаптарына сәйкес келмеген;
- 2) дәйексіз ақпарат ұсыну фактісі анықталған;
- 3) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде тұрған;
- 4) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) банкрот болып табылған және (немесе) тарату процесіне жатқызылған;
- 5) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлердің тізіліміне сәйкес респубикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болған;
- 6) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) сатып алу құніне дейін 2 (екі) жыл ішінде өзі мен тапсырыс беруші арасында бұрын жасалған сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындаған немесе тапсырыс берушімен шарт жасасудан жалтарған факті болған;
- 7) әлеуетті жеткізуші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты үйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты үйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайларда тендерге қатысуға жиберілмейді және тендерге қатысушы болып танылмайды.»;

152-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«152. Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы, егер:

- 1) ол сатып алу үшін бөлінген сомадан артық болса;
- 2) әлеуетті жеткізуші 1 (бір) баға ұсынысын артық табыс етсе;
- 3) Қағидалардың 166-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, әлеуетті жеткізушінің ұсынысы техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкес келмесе;
- 4) әлеуетті жеткізуші техникалық ерекше нұсқаманы ұсыну туралы талап болған кезде оны ұсынбаса;
- 5) әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жобасының маңызды талаптарымен келіспесе;
- 6) әлеуетті жеткізуші немесе оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде тұрса;
- 7) сатып алушы жүргізу туралы жариялау құнінің алдындағы 2 (екі) жыл ішінде әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның қосалқы мердігерінің (бірлескен орындаушысының) өзі мен тапсырыс беруші арасында бұрын жасалған сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындау немесе тапсырыс берушімен шарт жасасудан жалтару факті болса;
- 8) әлеуетті жеткізуші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты үйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты үйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген болса қабылданбайды.»;



158-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) авторлық қадағалау қызметтерін;»;

167-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«167. Шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алу мына жағдайларда, егер:

- 1) әлеуетті жеткізуши ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы осы сатып алушы жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асып тұскен;
- 2) Қағидалардың 166-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізуши тапсырыс берушінің техникалық ерекше нұсқамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекше нұсқаманы ұсынған;
- 3) әлеуетті жеткізуши Қағидалардың 161 немесе 162-тармақтарында көзделген құжаттарды табыс етпеген;
- 4) әлеуетті жеткізуши белгіленген мерзімде сатып алуға қатысуға жазбаша келісімін (сатып алуға қатысу туралы растауын) жібермеген не шартты тікелей жасасу тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысудан бас тартқан;
- 5) әлеуетті жеткізуши мемлекеттік сатып алушың жосықсыз қатысушыларының тізілімінде тұрған;
- 6) әлеуетті жеткізуши және (немесе) ол таратын қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайларда, өтпеді деп танылады.»;

198-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«198. Тапсырыс берушінің, сатып алушы ұйымдастырушының, сатып алушы бірыңғай ұйымдастырушының, тендерлік комиссияның, сараптамалық комиссияның (сарапшының), сатып алу порталы операторының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде шағым жасалады.»;

199, 200, 201-тармақтар алып тасталсын;

Қағидаларға 1-қосымшада:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің объектілерін (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттары, үй-жайлары, кассалық орталықтар, сақтау орындары, өндірістік объектілер), оның ішінде ерекше маңызды мемлекеттік объектілерге және террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызылған объектілерді сатып алу, құру (салу), жөндеу (қайта салу), олардың үздіксіз және үзіліссіз жұмыс істеуін және жарақтандырылуын қамтамасыз ету үшін.

Осы тармақшада көзделген жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді жеткізушиі айқындау кезінде осы Қағидалардың демпингтік бағаны айқындау тәртібін реттейтін нормалары қолданылады;»

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден асатын сомаға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттандыру объектілерін құру, енгізу, дамыту үшін;».

Қағидаларға 6-қосымшада 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Әлеуетті жеткізуши осы өтінім арқылы өзіне толық жауапкершілік қабылдайды және өзіне:

- 1) әлеуетті жеткізуши және оның қосалқы мердігери (бірлескен орындаушысы) (болған кезде) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрмаяу және тапсырыс берушімен және (немесе) оның үлестес тұлғаларымен бұрын жасасқан шарттар бойынша міндеттемелерін адал орындағаны;
- 2) әлеуетті жеткізушиінің құрылтайшылары, акционерлері, әлеуетті жеткізуши басшыларының және (немесе) осы әлеуетті жеткізушиінің үекілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары жеткізушиі таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болмайтыны не өткізілетін сатып алуша тапсырыс берушінің (сатып алушы ұйымдастырушының) қызметкерлері болып табылмайтыны;
- 3) әлеуетті жеткізушиінің және (немесе) оның қызметкерінің тапсырыс берушіге (сатып алушы ұйымдастырушыға) өткізілетін сатып алушы дайындау жөнінде сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсетпеуі, техникалық-экономикалық негізdemen әзірлеушінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі сатып алуға қатысуын қоспағанда, өткізілетін



сатып алудың нысанасы болып табылатын объектінің құрылышына арналған техникалық-экономикалық негіздемені және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеуге бас жобалаушы не қосалқы жобалаушы ретінде қатыспайтыны;

- 4) сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуши басшысының:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қатынасының болмағаны;
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылмайтыны;
- 5) сатып алуға қатысуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуши мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті жеткізушиңің басшысы болып табылмайды және (немесе) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қатынасы болған жоқ;
- 6) атқарушылық іс жүргізупер бойынша борышкерлердің тізіліміне сәйкес әлеуетті жеткізушиңің және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде атқарушы құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелерінің болмағаны;
- 7) әлеуетті жеткізуши мен әлеуетті жеткізушиңің үлестес тұлғасының бір тендерге (лотқа) қатыспағаны;
- 8) банкроттық не тарату рәсіміне қатысы жоқтығы;
- 9) әлеуетті жеткізуши және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты үйімдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты үйімдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілмеген туралы талаптарды қабылдайтынын растайды.»;

Қағидаларға 7-қосымшаның 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы арқылы өзімізге толық жауапкершілікті қабылдаймыз және мынадай талаптарды қабылдайтынымызды растаймыз:

- 1) әлеуетті жеткізуши және оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушы) (болған кезде) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрмайды және тапсырыс берушімен және (немесе) оның үлестес тұлғаларымен бұрын жасалған шарттар бойынша міндеттемелерін адаптацияған;
- 2) әлеуетті жеткізушиңің құрылтайшылары, акционерлері әлеуетті жеткізуши басшыларының және (немесе) атальған әлеуетті жеткізушиңің үәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жеккеттараты жеткізушиңі таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие емес не өткізілетін сатып алуда тапсырыс берушінің (сатып алууды үйімдастырушының) қызметкерлері болып табылмайды;
- 3) әлеуетті жеткізуши және (немесе) оның қызметкері тапсырыс берушігে (сатып алууды үйімдастырушыға) өткізілетін сатып алууды дайындау жөнінде сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсетпеген, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеушінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі сатып алуға қатысуын қоспағанда, өткізілетін сатып алуудың нысанасы болып табылатын объектінің құрылышына арналған техникалық-экономикалық негіздемені және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеуге бас жобалаушы не қосалқы жобалаушы ретінде қатыспаған;
- 4) сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушиңің басшысы:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қарым-қатынаста болмаған;
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылмайды;
- 5) сатып алуға қатысуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуши мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті жеткізушиңің басшысы болып табылмайды және (немесе) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қарым-қатынаста болмаған;
- 6) атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлердің тізіліміне сәйкес әлеуетті жеткізушиңің және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) республикалық бюджет туралы заңда



тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде атқарушы құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері жоқ;

- 7) әлеуettі жеткізуши және әлеуettі жеткізушинің үлестес тұлғасы бір тендерге (лотқа) қатыспайды;
 - 8) банкроттық не тарату рәсіміне қатысы жоқ;
 - 9) леуettі жеткізуши және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (акционерлерің) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілмеген.».
- 2.** Қаржы департаменті (Ж.Ж. Стамбекова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың
 - 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 3.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
- 4.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
01.09.2022 ж. № 29368 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 27 тамыз № 65

«Қаржы үйымдарын жүйелік маңызы бар үйымдар қатарына жатқызу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 240 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қаржы үйымдарын жүйелік маңызы бар үйымдар қатарына жатқызу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 240 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19925 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:»;

көрсетілген қаулемен бекітілген Қаржы үйымдарын жүйелік маңызы бар үйымдар қатарына жатқызу қағидаларында:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Ұлттық Банк жүйелік маңызы бар қаржы үйымдарының тізімін бекітетін жылдың алдындағы жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша деректер негізінде жүйелік маңызы бар қаржы үйымдарының тізімін қалыптастырады.»;

Мынадай мазмұндағы 17 және 18-тармақтармен толықтырылсын:

«17. Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген күннен бастап жүйелік маңызы бар банк активтерінің сомасы 50%-ға (елу пайызға) және одан көп мөлшерге төмендеген жағдайда қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі үәкілетті органның осындай өзгерісті раставтың өтінішхаты негізінде жүйелік маңызы бар қаржы үйымдарының бекітілген тізіміне өзгерістер енгізуге жол беріледі.

Қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі үәкілетті органның өтінішхатын алғаннан кейін Ұлттық Банк сұрату алғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде есеп айырысу күнінің алдындағы қатарынан 2 (екі) тоқсан үшін Қағидалардың 5, 6, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген көрсеткіштердің орташа мәнін есептеуді жүзеге асырады.

18. Жүйелік маңызы бар қаржы үйымдарының бекітілген тізіміне өзгерістер Қағидалардың 17-тармағына сәйкес қол қойылған күннен бастап күшіне енетін Ұлттық Банк Төрағасының не оның орнындағы адамның бүйрекімен енгізіледі.

Жүйелік маңызы бар қаржы үйымдары тізімінің өзгеруі туралы ақпарат мүдделі қаржы үйымдарына және қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі үәкілетті органға бүйрекқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.».

2. Қаржылық тұрақтылық және зерттеулер департаменті (О.М. Құбенбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.



3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
08.09.2022 ж. № 29475 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 27 тамыз № 74

«Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының екінші бөлігінің 47) тармақшасына және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

Көрсетілген қаулымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қағидаларда белгіленген экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану тәртібі:

- 1) төлем құжаттарын қағаз тасымалдағышта ресімдеген кезде және төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде электрондық құжаттармен алмасу кезінде;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағында бастама жасалған, ел ішінде жүргізілетін, шет елге жөнелтілетін банк ішіндегі және банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде қолданылады.

Шет елден және «Астана» халықаралық қаржы орталығына қатысушы банктен келіп түсетін төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша төлем құжатында қойылған экономика секторлары мен төлемдер белгілеу кодтары болмаған кезде Қазақстан Республикасының резидент банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының ақпараттық жүйелерінде төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша алынған құжаттар негізінде экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын өздігінен қойып шығады.

Жеке тұлғалар арасында лездік төлемдер жүйесі бойынша кіріс төлемі және (немесе) ақша аударымы бойынша бенефициардың банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы бенефициар бойынша мәліметтер негізінде бенефициардың экономика секторларының кодтарын қояды.

Ақша жөнелтушінің банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы лездік төлемдер жүйесі арқылы жеке тұлғалар арасындағы төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша лездік төлемдер жүйесі үшін көзделген төлем белгілеу кодын қояды.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Резиденттік белгісі «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес анықталады және мынадай тәртіппен қойылады:

«1» – резидент;

«2» – бейрезидент.»;

2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.



2. Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
07.09.2022 ж. № 29450 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 27 тамыз № 75

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем үйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 28 ақпандығы № 11 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем үйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы

28 ақпандығы № 11 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27075 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем үйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем үйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бекітілсін.

көрсетілген қаулымен бекітілген Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем үйымдары үшін ішкі бақылау талаптары осы қаулыға қосыншаға сәйкес редакцияда жазылсын.».

2. Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Тәрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосыншасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
19.09.2022 ж. № 29659 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 17 қыркүйек № 80

«Қызметін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 28 ақпанды № 20 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қызметін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 28 ақпанды № 20 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27113 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қызметін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы»;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Қызметін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Қызметін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай ішінде ішкі құжаттаманы осы қаулыға сәйкес келтірсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызметін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (А.С. Адибаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен бірлесіп (А.С. Касенов) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;



- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Зан департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
- 5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
26.09.2022 ж. № 29796 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 17 қыркүйек № 81

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.
2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшибаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
30.09.2022 ж. № 29950 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 17 қыркүйек № 82

«Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын, Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын, Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16390 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) және 3-4) тармақшаларына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасы бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдар филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарына және өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің осы үлгі шот жоспары (бұдан әрі – Шоттар жоспары) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) және 3-4) тармақшаларына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының (бұдан әрі – үйымдар) қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық көрсеткішпен қаржылық есептілік элементтерін топтастыруға және ағымдағы көрсетуге және бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының филиалдары құндық көрсеткішпен бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілік элементтерін ағымдағы көрсетуге арналған.



2. Шоттар жоспарында «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңындажәне халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.»;

2-тарауда:

1-параграфта:

1130, 1130 01, 1130 02 және 1130 03-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

«1130 Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері

1130 01 Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері

1130 02 Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт

1130 03 Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы»;

1140, 1140 01, 1140 02, 1140 03, 1140 04 және 1140 05-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

«1140 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері

1140 01 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері

1140 02 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қаржы активтері бойынша дисконт

1140 03 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы

1140 04 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету

1140 05 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету»;

1290 01-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«1290 01 Дебиторлық берешек бойынша резервтер (провизиялар)»;

1290 21, 1290 22, 1290 23 және 1290 24-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

«1290 21 Клиенттерге берілген қаржылар бойынша резервтер (провизиялар)

1290 22 Клиенттерге берілген қаржылар жалдау бойынша резервтер (провизиялар)

1290 23 Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша резервтер (provizialar)

1290 24 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша резервтер (provizialar)»;

1290 41-шоттың нөмірі мен атауы алып тасталсын;

1290 25 шотынан мынадай мазмұндағы 1290 42-шотымен толықтырылсын:

«1290 42 Аквизициялық ақша ағындары бойынша талаптар бойынша резервтер (provizialar)»;

1620 04-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«1620 04 Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша аквизициялық шығыс бойынша талаптар»;

1620 04-шотынан кейін мынадай мазмұндағы 1620 05 және 1620 06-шоттармен толықтырылсын:

1620 05 Сақтандыру шарттарының тобына жататын басқа да ақша ағындары бойынша актив

1620 06 Қайта сақтандыру активі бойынша болашақ ақша ағындарын бағалау»;

2-параграфта:

2020, 2020 01, 2020 02 және 2020 03-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

«2020 Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері

2020 01 Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері



2020 02 Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алғанған үзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт

2020 03 Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алғанған үзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы»;

2030, 2030 01, 2030 02, 2030 03, 2030 04 және 2030 05-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:
«2030 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын үзақ мерзімді қаржы активтері 2030 01 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын үзақ мерзімді қаржы активтері 2030 02 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғанған үзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт

2030 03 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғанған үзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы

2030 04 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын үзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету

2030 05 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын үзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету»;

2050-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2060 01, 2060 02, 2060 03, 2060 04 және 2060 05-шоттармен толықтырылсын:

«2060 01 Қайта сақтандырудың күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау

2060 02 Қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа

2060 03 Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі

2060 04 Қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа зиянын өтеудің құрамдас бөлігі

2060 05 Қайта сақтандыру активі бойынша болашақ ақша ағындарын бағалау»;

3-параграфта:

3390 07-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3390 11, 3390 12, 3390 13, 3390 14, 3390 15, 3390 16, 3390 17, 3390 18 және 3390 19-шоттармен толықтырылсын:

«3390 11 Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер

3390 12 Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету

3390 13 Зиянның құрауышы (сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер бойынша)

3390 14 Зиянның құрауышы (қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша)

3390 15 Сақтандыру шарттарының тобына жататын аквизициялық ақша ағындары бойынша міндеттемелер

3390 16 Сақтандыру шарттарының тобына жататын басқа да ақша ағындары бойынша міндеттемелер

3390 17 Туындаған залалдар бойынша міндеттемелер

3390 18 Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары

3390 19 Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары»;

3390 45-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«3390 45 Қайта сақтандырушыға регрестік талаптар мен зиянды өтеу бойынша есептелген шығыс (суброгация)»;

3390 48, 3390 49, 3390 50, 3390 51 және 3390 52-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

4-параграфта:

4030 96-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 4040 11, 4040 12, 4040 13, 4040 14, 4040 15, 4040 16, 4040 17 және 4040 18-шоттармен толықтырылсын:

«4040 11 Күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау

4040 12 Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа

4040 13 Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету



4040 14 Зиянның құрауышы (күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау бойынша)

4040 15 Зиянның құрауышы (қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша)

4040 16 Қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа

4040 17 Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары

4040 18 Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары»;

5-параграфта:

5440-шоттың атавы мынадай редакцияда жазылсын:

«5440 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв»;

5460-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 5470, 5480 және 5490-шоттармен толықтырылсын:

«5470 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздарды қайта бағалауға арналған резерв

5480 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтері (провизиялар)

5490 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздар бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтері»;

6-параграфта:

6150 03-шоттың атавы мынадай редакцияда жазылсын:

«6150 03 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша кіріс»;

6240 01-шоттың атавы мынадай редакцияда жазылсын:

«6240 01 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (provizialardы) қалпына келтіруден (жоюдан) кіріс»;

6240 23-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 6240 42-шотымен толықтырылсын:

«6240 42 Аквизициялық ақша ағындарының құнсыздануы бойынша резервтерді (provizialardы) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кіріс»;

6280 09-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 6280 31, 6280 32, 6280 33 және 6280 34-шоттармен толықтырылсын:

«6280 31 Зиянның құрауышы бойынша шығысты түзету

6280 32 Қайта сақтандыру бойынша қаржылық кіріс

6280 33 Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайтудан кіріс

6280 34 Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа амортизациясынан түсетін кіріс»;

6280 41-шоттың атавы мынадай редакцияда жазылсын:

«6280 41 Сақтандыру түсімі (сақтандырудан кіріс)»;

6280 43-шоттың атавы мынадай редакцияда жазылсын:

«6280 43 Регрестік талаптар мен зиянды өтеуге байланысты кіріс (суброгация)»;

6280 45, 6280 46, 6280 47, 6280 48, 6280 49, 6280 50, 6280 51, 6280 52, 6280 53 және 6280 54-шоттардың нөмірлері мен атавалары алып тасталсын;

6280 41-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 6280 55 және

6280 56-шоттармен толықтырылсын:

«6280 55 Қайта сақтандырудан кіріс

6280 56 Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активін қалыптастырудан кіріс»;

7-параграфта:

7310 10-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7310 11 және

7310 12-шоттармен толықтырылсын:

«7310 11 Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайту бойынша шығыс;

7310 12 Сақтандыру шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндептемелер зиянының құрауышы түріндегі шығыс»;

7440 01-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«7440 01 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыс»;

7440 23-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7440 24-шотымен толықтырылсын:

«7440 24 Аквизициялық ақша ағындарының құнсыздануы бойынша резервтерді (provizияларды) қалыптастыру бойынша шығыс»;

7440 41, 7440 42, 7440 43, 7440 44 және 7440 45-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

7440 47, 7440 48, 7440 49, 7440 50, 7440 51 және 7440-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

7470 06-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«7470 06 Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша шығыс»;

7470 10-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7470 31, 7470 32, 7470 33, 7470 34, 7470 35, 7470 36 және 7470 37-шоттармен толықтырылсын:

«7470 31 Зиянның құрауышы түріндегі сақтандыру шығысы

7470 32 Сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша қаржылық шығыс

7470 33 Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайту бойынша шығыс

7470 34 Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету түріндегі сақтандыру шығысы

7470 35 Аквизициялық шығыс

7470 36 Қайта сақтандыру шарттары бойынша маржаның амортизациясы түріндегі шығыс.

7470 37 Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау амортизациясы бойынша шығыс»;

7470 41-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«7470 41 Төлем бойынша сақтандыру шығысы»;

7470 44-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«7470 44 Қайта сақтандырушаға регрестік талаптар мен зиянды өтеу бойынша шығыс (суброгация)»;

3-тараудың 1-параграфында:

1130 01, 1130 02 және 1130 03-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1130 01 «Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері» (актив).

Мақсаты: үйім сатып алған және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша үйім сатып алған және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активінің номиналдық құнын жазылады.

Шоттың кредиті бойынша үйім сатып алған қысқа мерзімді қаржы активінің номиналдық құнын өтеу, басқа санатқа ауыстыру, сондай-ақ төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1130 02 «Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан (дисконт) асып тұсу сомасын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активінің номиналдық құнының оны сатып алу құнынан (дисконт) асып тұсу сомасы, тиімді пайыздық



мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активі бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.

1130 03 «Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерін сатып алу құнының олардық номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып түсу сомасын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активін сатып алу құнының оның номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып түсу сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активін сатып алу құнының оның номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып түсу сомасын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасын есепке алу.

1140 01, 1140 02, 1140 03, 1140 04 және 1140 05-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1140 01 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері» (актив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын өткізу, қаржы активтерінің басқа санатына ауыстыру, сондай-ақ төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1140 02 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қаржы активтері бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан (дисконт) асып түсу сомасын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің номиналдық құнының оны сатып алу құнынан (дисконт) асып түсу сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.

1140 03 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып түсу сомасын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін сатып алу құнының оның номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып түсу сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.

1140 04 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету» (актив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомасын есепке алу.



Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомасын есептен шығару жазылады.

1140 05 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету» (контрактив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомасын есептен шығару жазылады.»;

1280 44-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мақсаты: келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға регрестік талап қою бойынша зиянды (суброгация) және (немесе) сақтандыру өтемдерін өтеуге қойылатын талаптар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға регрестік талап қою бойынша зиянды (суброгация) және (немесе) сақтандыру өтемдерін өтеуге қойылатын талаптардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген зиян үшін жауапты тұлға оларды төлеген немесе төлеу мерзімін кешіктірген кезде регрестік талап қою бойынша зиянды өтеуге (суброгация) және (немесе) сақтандыру өтемдеріне қойылатын талаптар сомасын есептен шығару жазылады.»;

1290 01-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1290 01 «Дебиторлық берешек бойынша резервтер (провизиялар)» (контрактив).

Мақсаты: клиенттердің дебиторлық берешегі бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің дебиторлық берешегі бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасын есептен шығару жазылады.»;

1290 21, 1290 22, 1290 23 және 1290 24-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1290 21 «Клиенттерге берілген қарыздар бойынша резервтер (provizialar)» (контрактив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қарыздар бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген қарыздар бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасын есептен шығару жазылады.

1290 22 «Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша резервтер (provizialar)» (контрактив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасын есептен шығару жазылады.

1290 23 «Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша резервтер (provizialar)» (контрактив).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасын есепке алу.



Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасын есептен шығару жазылады.

1290 24 «Екінші деңгейдегі банктарде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдарда орналастырылған салымдар бойынша резервтер (provizialar)» (контрактив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктарде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдарда орналастырылған салымдар бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банктарде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйимда орналастырылған салымдар бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (provizialaryny) сомасын есептен шығару жазылады.;

1290 41-шоттың нөмірі, атауы мен сипаттамасы алып тасталсын;

1290 25-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1290 42-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

«1290 42 «Аквизициялық ақша ағындары бойынша талаптар бойынша резервтер (контрактив)».

Мақсаты: аквизициялық ақша ағындары бойынша талаптар бойынша шығындарды жабуға арналған резервтердің (provizialardy) сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша аквизициялық ақша ағындары бойынша талаптар бойынша шығындарды жабуға құрылған құрылатын резервтердің (provizialardy) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған резервтердің (provizialardy) сомасы жойылған немесе аквизициялық ақша ағындарының сомасы үйымның балансынан есептен шығарылған кезде есептен шығарылады.»;

1620 04-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1620 04 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша аквизициялық шығыс бойынша талаптар» (актив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтары бойынша туындаған аквизициялық шығыс бойынша үйымның дебиторлық берешегін есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру шарттарының топтары бойынша аквизициялық шығыс бойынша үйымның дебиторлық берешегі көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша аквизициялық шығыс бойынша дебиторлық берешекті өтеу немесе үйимның балансынан есептен шығару кезінде есептен шығару көрсетіледі.»;

1620 04-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1620 05 және 1620 06-шоттарының нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

1620 05 «Сақтандыру шарттары тобына жататын басқа да ақша ағындары бойынша актив» (актив).

Мақсаты: сақтандыру шарттарының тобына жататын, бірақ аквизициялық ақша ағындары болып табылмайтын басқа да ақша ағындарына қатысты активтер сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру шарттарының тобына жататын басқа да ақша ағындары бойынша активтердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру шарттарының тобына жататын басқа да ақша ағындары бойынша активтер сомасын есептен шығару жазылады.

1620 06 «Қайта сақтандыру активі бойынша болашақ ақша ағындарын бағалау» (контрактив).

Мақсаты: қайта сақтандыру бойынша болашақ ақша ағындарын бағалау сомасын есепке алу

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру активі бойынша болашақ ақша ағындарын бағалау сомасы жазылады

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру активі бойынша болашақ ақша ағындарын бағалау сомасын есептен шығару көрсетіледі.»;

2020 01, 2020 02 және 2020 03-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2020 01 «Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері» (актив).

Мақсаты: ұйым сатып алған және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым сатып алған және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алған ұзақ мерзімді активтердің номиналдық құнын өтеу, қаржы активтерінің басқа санатына ауыстыру, сондай-ақ төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

2020 02 «Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын сатып алған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнынан (дисконт) асып түсу сомасын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнынан (дисконт) асып түсу сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.

2020 03 «Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін сатып алу құнынан (ольардың номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып түсу сомасын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін сатып алу құнынан (ольардың номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып түсу сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алған қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.»;

2030 01, 2030 02, 2030 03, 2030 04 және 2030 05-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2030 01 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері» (актив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын өткізу, қаржы активтерінің басқа санатына ауыстыру, сондай-ақ төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

2030 02 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнынан (дисконт) асып түсу сомасын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнынан (дисконт) асып түсу сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.



Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.

2030 03 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерін сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып түсу сомасын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерін сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып түсу сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алғынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.

2030 04 «Басқа да жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету» (актив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнына оң түзету жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомасын есептен шығару жазылады.

2030 05 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету» (контрактив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомасын есептен шығару жазылады.»;

2050-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2060 01, 2060 02, 2060 03, 2060 04 және 2060 05-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

«2060 01 «Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау» (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша болашақ ақша ағындарының келтірілген құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша болашақ ақша ағындарының келтірілген құны, сондай-ақ оның үлғаюы көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша болашақ ақша ағындарының келтірілген құнын азайту не есептен шығару көрсетіледі.

2060 02 «Қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа» (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаның амортизациясы және (немесе) есептен шығарылуы көрсетіледі.

2060 03 «Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі» (актив).

Мақсаты: қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активін есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активін азайту және (немесе) есептен шығару көрсетіледі.

2060 04 «Қайта сақтандыру шарттары бойынша маржаның зиянын өтеудің құрамдас бөлігі» (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаның зиянын өтеудің құрамдас бөлігін есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаның зиянын өтеудің құрамдас бөлігін есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаның зиянын өтеудің құрамдас бөлігін амортизациялау және (немесе) есептен шығару көрсетіледі.

2060 05 «Қайта сақтандыру активі бойынша болашақ ақша ағындарын бағалау» (контрактив).

Мақсаты: қайта сақтандыру бойынша болашақ ақша ағындарын бағалау сомасын есепке алу

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру активі бойынша болашақ ақша ағындарын бағалау сомасы жазылады

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру активі бойынша болашақ ақша ағындарын бағалау сомасын есептен шығару көрсетіледі.»;

3390 07-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 3390 11, 3390 12, 3390 13, 3390 14, 3390 15, 3390 16, 3390 17, 3390 18 және 3390 19-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

«3390 11 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: сыйлықақыларды бөлу тәсілі негізінде бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтарының ақша ағындары бойынша міндеттемелерді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелерді есептен шығару/азайту көрсетіледі.

3390 12 «Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету» (пассив).

Мақсаты: Қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзетуді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайту және (немесе) есептен шығару көрсетіледі.

3390 13 «Зиянның құрауышы (сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының ақша ағындары бойынша міндеттемелер бойынша» (пассив).

Масқсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтарының ақша ағындары бойынша міндеттемелер бойынша зиянның құрауышын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының ақша ағындары бойынша міндеттемелер бойынша зиянның құрауышы көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына ақша ағындары бойынша міндеттемелер бойынша зиянның құрауышы азаюы көрсетіледі.

3390 14 «Зиянның құрауышы (қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша» (пассив).

Мақсаты: қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша зиянның құрауышын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша зиянның құрауышы көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша зиянның құрауышының азаюы көрсетіледі.

3390 15 «Сақтандыру шарттарының тобына жататын аквизициялық ақша ағындары бойынша міндеттемелер» (пассив).



Мақсаты: сақтандыру шарттарының танылған тобына жататын аквизициялық ақша ағындары бойынша міндеттемелерді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру шарттары бойынша аквизициялық ақша ағындары бойынша міндеттемелер көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру шарттары бойынша аквизициялық ақша ағындары бойынша міндеттемелерді есептен шығару/азайту көрсетіледі.

3390 16 «Сақтандыру шарттарының тобына жататын басқа да ақша ағындары бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: сақтандыру шарттарының тобына жататын, бірақ аквизициялық ақша ағындары болып табылмайтын басқа да ақша ағындарына қатысты міндеттемелерді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру шарттарының тобына жататын басқа да ақша ағындары бойынша міндеттемелер көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру шарттары бойынша басқа да ақша ағындары бойынша міндеттемелерді есептен шығару/азайту көрсетіледі.

3390 17 «Тұындаған залалдар бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: еткен кезеңдердің қызметтеріне қатысты шарттарды орында бойынша ақша ағындарын қамтитын тұындаған сақтандыру шығындары бойынша міндеттемелерді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша тұындаған сақтандыру шығындары бойынша міндеттемелер көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша тұындаған сақтандыру шығындары бойынша міндеттемелерді есептен шығару/азайту көрсетіледі.

3390 18 «Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары» (контрпассив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болашақ ақша ағындарының бағалау сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болашақ ақша ағындарының бағалау сомасы көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болашақ ақша ағындарының бағалау сомасын есептен шығару және (немесе) азайту көрсетіледі.

3390 19 «Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары» (контрпассив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағындарының бағалау сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болашақ ақша ағындарының бағалау сомасы көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болашақ ақша ағындарының бағалау сомасын есептен шығару және (немесе) азайту көрсетіледі.»;

3390 45-шоттың атавы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3390 45 «Қайта сақтандырушыға регрестік талаптар мен зиянды өтеу бойынша есептелген шығыс (суброгация)» (пассив).

Мақсаты: сақтандыру үйымдары қайта сақтандырушыларға регрестік талаптар бойынша өтеу және (немесе) зиянды өтеу (суброгация) бойынша төлеуге есептеген шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру үйымдары қайта сақтандырушыларға регрестік талаптар бойынша өтеу және (немесе) зиянды өтеу (суброгация) бойынша төлеуге есептеген шығыс сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген шығыс сомасын оларды сақтандыру үйимы төлеген кезде есептен шығару жазылады.»;

3390 46-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мақсаты: сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына сақтандыру шарттарының танылған тобына жататын міндетті жарналарды төлеу бойынша міндеттемелер сомасын есепке алу

Шоттың кредиті бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына сақтандыру шарттарының танылған тобына жататын міндетті жарналарды төлеу бойынша міндеттемелер көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналарды төлеу бойынша міндеттемелерді есептен шығару/азайту көрсетіледі.»;



3390 47-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мақсаты: сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына сақтандыру шарттарының танылған тобына жататын төтенше жарналарды төлеу бойынша міндеттемелер сомасын есепке алу

Шоттың кредиті бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына сақтандыру шарттарының танылған тобына жататын төтенше жарналарды төлеу бойынша міндеттемелер көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналарды төлеу бойынша міндеттемелерді есептен шығару/азайту көрсетіледі.»;

3390 48, 3390 49, 3390 50, 3390 51 және 3390 52-шоттардың нөмірлері, атаулары мен сипаттамалары алып тасталсын;

4030 96-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 4040 11, 4040 12, 4040 13, 4040 14, 4040 15, 4040 16 және 4040 17-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

«4040 11 «Күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау» (пассив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтары бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалауды есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтары бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша есеп айрысуды бағалау өзгерген кезде күтілетін ақша ағындарының ең жақсы бағалауын есептен шығару және (немесе) азайту көрсетіледі.

4040 12 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа» (пассив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны көзделген қызметтер үшін маржа көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны есептен шығару көрсетіледі.»;

4040 13 «Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету» (пассив).

Мақсаты: қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзетуді есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайту және (немесе) есептен шығару көрсетіледі.

4040 14 «Зиянның құрауышы (күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалауы бойынша)» (пассив).

Мақсаты: күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалауы бойынша зиянның құрауышын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау бойынша зиянның құрауышы көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау бойынша зиянның құрауышының азауы көрсетіледі.

4040 15 «Зиянның құрауышын (қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша)» (пассив).

Мақсаты: қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша зиянның құрауышын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша зиянның құрауышы көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша зиянның құрауышының азауы көрсетіледі.

4040 16 «Қайта сақтандыру шарттары бойынша маржа» (пассив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттарының тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру шарттарының тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны көзделген қызметтер үшін маржа көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шарттарының тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны есептен шығару көрсетіледі.

4040 17 «Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары» (контрпассив).



Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болашақ ақша ағындарының бағалау сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын есептен шығару және (немесе) азайту көрсетіледі.

4040 18 «Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары» (контрпассив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағындарының бағалау сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын есептен шығару және (немесе) азайту көрсетіледі.»;

5440-шоттың атавы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв» (пассив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын қайта бағалау резервтерінің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын оң қайта бағалау сомасы, сондай-ақ тиісті баланстық шоттармен байланыстыра отырып қаржы активтерінің басқа да санатына шығарылған немесе аударылған қаржы активтері бойынша жинақталған қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын төріс қайта бағалау сомасы, сондай-ақ тиісті баланстық шоттармен байланыстыра отырып қаржы активтерінің басқа да санатына шығарылған немесе аударылған қаржы активтері бойынша жинақталған қайта бағалау сомасы жазылады.»;

5460-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5470, 5480 және 5490-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

«Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздарды қайта бағалауға арналған резерв» (пассив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздардың құнын қайта бағалау резервтерінің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздардың құнын оң қайта бағалау сомасы, сондай-ақ тиісті баланстық шоттармен байланыстыра отырып қаржы активтерінің басқа да санатына шығарылған немесе аударылған қарыздар бойынша жинақталған қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздардың құнын төріс қайта бағалау сомасы, сондай-ақ тиісті баланстық шоттармен байланыстыра отырып қаржы активтерінің басқа да санатына шығарылған немесе аударылған қарыздар бойынша жинақталған қайта бағалау сомасы жазылады.»;

5480 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтері (провизиялары)» (пассив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша зиянды өтеуге арналған резервтердің (provizialardyn) сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша зиянды өтеуге арналған құрылатын резервтердің (provizialardyn) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша зиянды өтеуге құрылған резервтердің (provizialardyn) сомасын есептен шығару, оларды жойған немесе есептен шығарған кезде баланстан қаржы активі бойынша талаптар жазылады.

5490 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздар бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік зиянға арналған бағалау резервтері» (пассив).

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздар бойынша зиянды өтеуге арналған резервтердің (provizialardyn) сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздар бойынша зиянды өтеуге арналған құрылатын резервтердің (провизиялардың) сомасы, оларды жою немесе есептен шығару кезінде баланstan қаржы активі бойынша талаптар жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздар бойынша зиянды өтеуге құрылған резервтердің (провизиялардың) сомасын есептен шығару жазылады.»;

6150 03-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6150 03 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша кіріс».»

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар шығарылған және (немесе) қайта сыйыпталған кезде кіріс сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар шығарылған және (немесе) қайта сыйыпталған кезде кіріс сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған кіріс сомасы № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.»;

6240 01-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6240 01 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (provizialardы) қалпына келтіруден (жоудан) кіріс».»

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша құрылған қалпына келтірілген (жойылған) резервтердің (provizialardың) сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (provizialardы) қалпына келтіруден (жоудан) кіріс сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.»;

6240 23-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 6240 42-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

«6240 42 «Аквизициялық ақша ағындарының құнсыздануы бойынша резервтерді (provizialardы) қалпына келтіруден (жоудан) түскен кіріс»(passiv).

Мақсаты: аквизициялық ақша ағындарының құнсыздануы бойынша құрылған резервтерді (provizialardы) қалпына келтіру (жою) сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша аквизициялық ақша ағындарының құнсыздануы бойынша құрылған резервтерді (provizialardы) қалпына келтіруден (жоудан) түскен кіріс сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.»;

6280 09-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 6280 31, 6280 32, 6280 33, 6280 34-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

«6280 31 «Зиянның құрауышы бойынша шығысты түзету» (passiv).

Мақсаты: шығысты азайту кезінде зиянның құрауышы бойынша шығысты түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша зиянның құрауышы бойынша шығысты түзету көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша түзетуді № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.

6230 32 «Қайта сақтандыру бойынша қаржылық кіріс» (passiv).

Мақсаты: ақшаның уақытша құнның әсерін және қаржылық тәуекелдің әсерін көрсететін кірісті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ақшаның уақытша құнның әсеріне және қаржылық тәуекелдің әсеріне байланысты кіріс көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша кірісті № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.

6280 33 «Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайтудан кіріс» (passiv).

Мақсаты: қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайту бойынша кірісті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайтуға байланысты кіріс көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша кірісті № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.



6280 34 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа амортизациясынан түсетін кіріс» (пассив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаның амортизациясы бойынша кірісті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша көзделген қызметтер үшін маржаның амортизациясына байланысты кіріс көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша кірісті № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.»;

6280 41-шоттың атавы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6280 41 «Сақтандыру түсімі (сақтандырудан кіріс)».

Мақсаты: кезең ішінде қызмет көрсету салдарынан сақтандыру өтемақысының қалған бөлігі бойынша міндеттемелер азаоюына байланысты сақтандыру бойынша кірісті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша кезең ішінде қызмет көрсету салдарынан сақтандыру өтемақысының қалған бөлігі бойынша міндеттемелердің азаоюына байланысты кіріс көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша кірісті № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.»;

6280 43-шоттың атавы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

6280 43 «Регрестік талаптар мен зиянды өтеуге байланысты кіріс (суброгация)».

Мақсаты: Сақтандыру ұйымының регрестік талаптарды өтеу және (немесе) зиянды өтеу (суброгация) бойынша алған кірістің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру ұйымының регрестік талаптарды өтеу және (немесе) зиянды өтеу (суброгация) бойынша алған кірістің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.»;

6280 45, 6280 46, 6280 47, 6280 48, 6280 49, 6280 50, 6280 51, 6280 52, 6280 53 және 6280 54-шоттардың нөмірлері, атаулары мен сипаттамалары алып тасталсын;

6280 41-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 6280 55 және 6280 56-шоттардың нөмірімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

«6280 55 «Қайта сақтандырудан кіріс».

Мақсаты: қайта сақтандыру қызметіне байланысты кірісті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру қызметіне байланысты кіріс көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру қызметіне байланысты кіріс

№ 5610 баланстық шотта көрсетіледі.

6280 56 «Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активін қалыптастыру бойынша кіріс».

Мақсаты: қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активін қалыптастыруға байланысты кірісті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активін қалыптастыруға байланысты кіріс көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша кірісті № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.»;

7310 10-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7310 11 және 7310 12-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

«7310 11 «Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайту бойынша шығыс» (актив).

Мақсаты: қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайтуға байланысты шығысты есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайтуға байланысты шығысты қалыптастыру/жасау көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығысты № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.

7310 12 «Сақтандыру шарттарының ақша ағындары бойынша міндеттемелер зиянының құрауышы түріндегі шығыс» (актив).

Мақсаты: сақтандыру шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер зиянының құрауышын қалыптастыру бойынша шығысы есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру шарттары бойынша ақша ағындары бойынша зиянының құрауышы бойынша шығыс көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығысты № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.»;

7440 01-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7440 01 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыс» (пассив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша резервтерді (provizialardы) қалыптастыру бойынша шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша резервтерді (provizialardы) қалыптастыру бойынша шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомасы № 5610 баланстық шотқа есептен шығарылады.»;

7440 23-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7440 24-шоттың номірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

«7440 24 «Аквизициялық ақша ағындарының құнсыздануы бойынша резервтерді (provizialardы) қалыптастыру бойынша шығыс».»

Мақсаты: аквизициялық ақша ағындарының құнсыздануы бойынша резервтерді (provizialardы) қалыптастыру бойынша шығыстың сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аквизициялық ақша ағындарының құнсыздануы бойынша резервтерді (provizialardы) қалыптастыру бойынша шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстың сомасын № 5610 баланстық шотқа есептен шығарылады.»;

7440 41, 7440 42, 7440 43, 7440 44, 7440 45-шоттардың номірлері, атаулары мен сипаттамалары алып тасталсын;

7440 47, 7440 48, 7440 49, 7440 50, 7440 51, 7440 52-шоттардың номірлері, атаулары мен сипаттамалары алып тасталсын;

7470 06-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7470 06 «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша шығыс» (актив).»

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар шығарылған және (немесе) қайта сыйыпталған кезде шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар шығарылған және (немесе) қайта сыйыпталған кезде шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстың сомасы № 5610 баланстық шотқа есептен шығарылады.»;

7470 10-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7470 31, 7470 32, 7470 33, 7470 34, 7470 35, 7470 36 және 7470 37-шоттардың номірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

«7470 31 «Зиянның құрауышы түріндегі сақтандыру шығысы».»

Мақсаты: зиянның құрауышы бойынша шығысты есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша зиянның құрауышы бойынша шығыс көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығысты № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.

7470 32 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша қаржылық шығыс».»

Мақсаты: ақшаның уақыт бойынша құннының әсерін және қаржылық тәуекелдің әсерін көрсететін шығысты есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ақшаның уақыт бойынша құннының әсеріне және қаржылық тәуекелдің әсеріне байланысты шығысты қалыптастыру/жасау көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша кірісті № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.

7470 33 «Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайту бойынша шығыс».»



Мақсаты: қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активін азайту бойынша шығысты есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активінің азаюына байланысты шығыс көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығысты № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.

7470 34 «Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету түріндегі сақтандыру шығысы».

Мақсаты: сыйлықақыны бөлу тәсілін пайдалану кезінде қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді қалыптастыру бойынша шығысты есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сыйлықақыларды бөлу тәсілін пайдалану кезінде қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді қалыптастыру бойынша шығыс көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығысты № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.

7470 35 «Аквизициялық шығыс».

Мақсаты: ұйымның аквизициялық шығысын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның аквизициялық шығысы көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығысты № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.

7470 36 «Қайта сақтандыру шарттары бойынша маржаның амортизациясы түріндегі шығыс».

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаның амортизациясына байланысты шығысты есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша қайта сақтандыру бойынша көзделген қызметтер үшін маржаның амортизациясына байланысты шығыс көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша шығысты № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.

7470 37 «Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалаудың амортизациясы бойынша шығыс».

Мақсаты: қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарынен жақсы бағалауды амортизациялауға байланысты шығысты есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалауды амортизациялауға байланысты шығыс көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша шығысты № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.»;

7470 41-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7470 41 «Төлеу бойынша сақтандыру шығысы» (актив).

Мақсаты: сақтандыру шарттары топтары бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемдері түріндегі шығысты есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру шарттары топтары бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемдері түріндегі шығыс көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығысты № 5610 баланстық шотқа есептен шығару көрсетіледі.»;

7470 44-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7470 44 «Қайта сақтандырушыға регрестік талаптар мен зиянды өтеу бойынша шығыс (суброгация)».

Мақсаты: сақтандыру ұйымының қайта сақтандырушыға регрестік талаптарды өтеуге және (немесе) зиянды өтеуге (суброгация) байланысты шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандырушыға регрестік талаптарды өтеуге және (немесе) зиянды өтеуге (суброгация) байланысты сақтандыру ұйымының шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомасы № 5610 баланстық шотқа есептен шығарылады.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



«1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) және 3-4) тармақшаларына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді.»;

3-тaraуда:

1-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-параграф. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған борыштық бағалы қағаздарды есепке алу»;

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар «және» сату үшін қолда бар бағалы қағаздар» санатына жіктелген борыштық бағалы қағаздарды сатып алған кезде (мәміле бойынша шығындардан тұратын сатып алу құнына) мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

«1) авансты брокерге аударған кезде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айрысу
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы ақшалай қаражат (зейнетақы активтері) (инвестициялық шот);

2) мәміле бойынша шығындарды ескере отырып, сатып алғынған борыштық бағалы қағаздың таза құнына (оның номиналды құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айрысу;

3) борыштық бағалы қағазды сатып алуға байланысты шығынды қамтитын сыйлықақы сомасына:

Дт	1120 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат;

4) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері



Кт	1120 02	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт;

5) алдыңғы ұстаушы есептеген сыйақы сомасына:

Дт	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы
	1270 04	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат;

6) борыштық бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі мәміле сомасы олардың әділ құнынан асып кеткен жағдайда:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан шығыс
Кт	1120 02	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

7) борыштық бағалы қағаздардың әділ құны оларды сатып алу жөніндегі мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда:

Дт	1120 02	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алғынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан кіріс.»;



7-тармақ мұнадай редакцияда жазылсын:

7. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша есепке алынатын және үйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы есептеу кезінде есептелген сыйақы сомасына мұнадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі есептелген кіріс
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі есептелген кіріс
Кт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс.»;

9, 10, 11, 12, 13 және 14-тармақтар мұнадай редакцияда жазылсын:

«9. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын және үйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы немесе дисконт (жекелдіктер) амортизацияланған кезде мұнадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

- 1) сыйлықақы амортизациясының сомасына:

Дт	7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыс
Кт	1120 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

- 2) дисконт (жекелдік) амортизациясының сомасына:

Дт	1120 02	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	6110 03	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кіріс.»;

10. Осы Нұсқаулықтың 7 және 9-тармақтарына сәйкес сыйақы немесе дисконт (жекелдік) есептелгеннен және амортизацияланғаннан кейін өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын және әділ құн бойынша басқа да жиынтық табыс арқылы есепке алынатын, үйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың қайта бағалау жүргізіледі және жүзеге асырылады

- 1) өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша:

егер борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:

Дт	1120 04	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
Кт	6150 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құны өзгеруінен кіріс;



егер борыштық бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

- | | | |
|----|---------|---|

40, 41, 42, 43 және 44-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:



«40. Әрбір есепті қүнге күтілетін кредиттік зиянға арналған резервтер (провизиялар) құру (ұлғайту) кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

- | | | |
|----|---------|--|
| Дт | 7440 01 | Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша резервтер (провизиялар) құру бойынша шығыс |
| Кт | 1290 23 | Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша резервтер (provizialar) |
| | 5480 | Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік кредиттік зиянға арналған бағалау резервтері (provizialar). |

41. Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша резервтерді (provizialardы) күтілетін кредиттік зиянға азайту (жою) кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

- | | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1290 23 | Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша резервтер (provizialar) |
| | 5480 | Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік кредиттік зиянға арналған бағалау резервтері (provizialar) |
| Кт | 6240 01 | Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (provizialardы) қалпына келтіруден кіrіc. |

42. Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздарды құрылған резервтер (provizialar) есебінен баланстан есептен шығарған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

- | | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1290 23 | Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша резервтер (provizialar) |
| Кт | 1130 01 | Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері |
| | 2020 01 | Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері. |

43. Эмитент амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, балансқа есептен шығарылған бағалы қағаздарды өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

- | | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат |
| Кт | 6240 01 | Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (provizialardы) қалпына келтіруден кіrіc. |

44. Эмитент амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, өткен кезеңдерде құрылған резервтер (provizialar) есебінен балансқа есептен шығарылған бағалы қағаздарды өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

- | | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат |
| Кт | 6240 01 | Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (provizialardы) қалпына келтіруден кіrіc.»; |



66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«66. Эрбір есепті қунге құтілетін кредиттік зиянға арналған резервтер (провизиялар) құру (ұлғайту) кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) құрылған қутілетін кредиттік зиянға арналған резервтер (провизиялар) сомасына:

Дт	7440 02	Орналастырылған салымдар бойынша резервтер (provizialar) құру бойынша шығыс
Кт	1290 24	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша резервтер (provizialar);

2) құрылған қутілетін кредиттік зиянға арналған резервтерді (provizialardы) сторналау кезінде:

Дт	1290 24	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша резервтер (provizialar)
Кт	6240 02	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша құрылған резервтерді (provizialardы) қалпына келтіруден (жоудан) кіріс;

3) құрылған резервтер (provizialar) есебінен салымдарды баланстан есептен шығарған кезде:

Дт	1290 24	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша резервтер (provizialar)
Кт	1150 02	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда бір түнге орналастырылған қысқа мерзімді салымдар
	1150 03	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап етілгенге дейінгі қысқа мерзімді салымдар
	1150 04	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді салымдар
	1150 05	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді шартты салымдар
	1150 06	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдар (бір жылға дейінгі)
	2040 01	Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар
	2040 02	Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді шартты салымдар
	2040 03	Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдар.»;

69-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«69. Форвардты орындау қуніне мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) есеп айрысқан жағдайда ұйым ақша аударған кезде нетто негізде:

Дт	3390 02	Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер
	4170 02	Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат;



2) есеп айырысқан жағдайда контрерпестен ақша алған кезде, нетто негізде:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	1280 03	Форвард мәмілесі бойынша талаптар
	2180 02	Форвард мәмілесі бойынша талаптар;

3) форвард талаптарына сәйкес базалық активті сатып алған базалық актив құнына сатып алу кезінде:

Дт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1150 09	Металл шоттарға орналастырылған аффинирленген бағалы металдар
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	3390 02	Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер
	4170 02	Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1280 03	Форвард мәмілесі бойынша талаптар
	2180 02	Форвард мәмілесі бойынша талаптар;

4) форвард талаптарына сәйкес базалық активті сатылатын базалық активтің құнына сату кезінде:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	3390 02	Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер
	4170 02	Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер
Кт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1150 09	Металл шоттарға орналастырылған аффинирленген бағалы металдар
	1280 03	Форвард мәмілесі бойынша талаптар
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2180 02	Форвард мәмілесі бойынша талаптар;

5) шартты талаптар мен шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	8600 01	Қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелер
Кт	8300 01	Қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелер.»;

78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«78. Ашиқ позицияны жабу немесе сатып алғанған «колл» немесе «пут» опционын орындау қүні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:



1) сатып алынған «колл» немесе «пут» опционының талаптары бойынша шартты талаптар мен шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	8600 06	Сатып алынған опцион «колл» мәмілелері - контршот
	8600 07	Сатып алынған опцион «пут» мәмілелері - контршот
Кт	8300 06	Сатып алынған опцион «колл» мәмілелері;
	8300 07	Сатып алынған опцион «пут» мәмілелері;

2) контрәріптес «колл» немесе «пут» опционының (ашық позицияны жабу) құнын ақшамен өтеген кезде:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	1280 04	Опцион мәмілесі бойынша талаптар
	2180 03	Опцион мәмілесі бойынша талаптар;

3) сатып алынатын активтердің құнына сатып алынған «колл» опционының талаптарына сәйкес базалық активті сатып алған кезде:

Дт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1150 09	Металл шоттарда орналастырылған аффинирленген бағалы металдар
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1280 04	Опцион мәмілесі бойынша талаптар
	2180 03	Опцион мәмілесі бойынша талаптар;

4) сатылатын активтердің құнына сатып алынған «пут» опционының талаптарына сәйкес базалық активті сатқан кезде:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1150 09	Металл шоттарда орналастырылған аффинирленген бағалы металдар
	1280 04	Опцион мәмілесі бойынша талаптар
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2180 03	Опцион мәмілесі бойынша талаптар.»;



81-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«81. Ашық позицияны жабу немесе сатылған «колл» немесе «пут» опционының орындау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асрылады:

- 1) сатылған «колл» немесе «пут» опционының талаптарына сәйкес шартты талаптар мен шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	8300 08	Сатылған опцион «пут» мәмілелері - контршот
	8300 09	Сатылған опцион «колл» мәмілелері - контршот
Кт	8600 08	Сатылған опцион «пут» мәмілелері;
	8600 09	Сатылған опцион «колл» мәмілелері;

- 2) контррөптес сатылған «колл» немесе «пут» опционының құнын өтеген кезде (ашық позицияны жабу):

Дт	3390 03	Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер
	4170 03	Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаржат;

- 3) сатылатын активтердің құнына сатылған «колл» опционының талаптарына сәйкес базалық активті сатқан кезде:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаржат
	3390 03	Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер
	4170 03	Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер
Кт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1150 09	Металл шоттарда орналастырылған аффинирленген бағалы металдар
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;

- 4) сатып алынатын активтердің құнына сатылған «пут» опционының талаптарына сәйкес базалық активті сатып алған кезде:

Дт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1150 09	Металл шоттарда орналастырылған аффинирленген бағалы металдар
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	3390 03	«Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер»
	4170 03	Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаржат.».



2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшибаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
26.09.2022 ж. № 29795 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 17 қыркүйек № 83

«Қазақстан Республикасы банктерінің, бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркілссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 34 және «Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы банктерінің, бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркілссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 34 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13256 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы банктерінің, бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркілссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарда:

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Банк тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың онынан кешіктірмей Ұлттық Банкке есепті кезеңде ақпараттық жүйенің жұмысында орын алған жоспарлы және жоспардан тыс істен шығу (бос тұрып қалу) туралы ақпаратты еркін нысандан жібереді.

Мәліметтерде клиенттердің қолжетімділігі тоқтатыла тұрған электрондық банктік қызмет түрі, істен шығу (бос тұрып қалу) күні, басталу және аяқталу уақыты, қолданылған іс-әрекеттер және істен шығуды (бос тұрып қалуды) жою бойынша жұмыс нәтижелері туралы ақпарат қамтылады. Ақпараттық жүйенің жұмысында істен шығу (бос тұрып қалу) болмаған жағдайда, банк есепті тоқсан үшін ақпараттық жүйенің жұмысында істен шығудың (бос тұрып қалудың) жоқтығы туралы Ұлттық Банкке хабарлайды.»;

Мынадай мазмұндағы 27-тармақпен толықтырылсын:

«27. Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңының 11-бабына сәйкес айқындалған төлем қызметтерін маңызды беруші болып табылатын төлем қызметтерін берушінің және(немесе) Ұлттық Банк Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 240 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19925 болып тіркелген) бекітілген Қаржы үйымдарын жүйелік маңызы бар үйымдар қатарына жатқызу қағидаларына сәйкес айқындалған жүйелік маңызы бар банктің электрондық төлем қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерінің (барлық модульдер мен шағын жүйелерді ескере отырып) жұмысы үздіксіздігінің ең төменгі деңгейі әрбір тоқсан үшін 99 (тоқсан тоғыз) пайызды құрайды.

Төлем қызметтерін маңызды беруші және(немесе) жүйелік маңызы бар банк электрондық төлем қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелері жұмысының бір тоқсандағы үздіксіздігі деңгейін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$K_a = \frac{(T - T_f)}{T}, \text{ мұнда:}$$

K_a – төлем қызметтерін маңызды берушінің және(немесе) жүйелік маңызы бар банктің ақпараттық жүйелері жұмысының тоқсандағы үздіксіздігі деңгейі;



($T-T_f$) – төлем қызметтерін маңызды берушінің және(немесе) жүйелік маңызы бар банктің ақпараттық жүйесі жұмысының нақты уақыты (минутпен). Жүйенің нақты жұмыс уақыты жүйенің тоқтатылған уақыт кезеңін қамтымайды;

T – төлем қызметтерін маңызды берушінің және(немесе) жүйелік маңызы бар банктің ақпараттық жүйелерінің тоқсандағы жұмысының жалпы уақыты (минутпен);

T_f – төлем қызметтерін маңызды берушінің және(немесе) жүйелік маңызы бар банктің ақпараттық жүйесі тоқтатыла тұрған тоқсандағы уақыт кезеңі (минутпен).

T_f көрсеткіші жоспарланған бос тұрып қалу уақытын қамтымайды. Жоспарлы бос тұрып қалған жағдайда жүйелік маңызы бар банк жоспарланған бос тұрып қалуға дейін он жұмыс күні бұрын Үлттық Банкті еркін нысанда хабардар етеді.

Жоспарлы бос тұрып қалуға мыналар:

- 1) төлем қызметтерін маңызды берушінің және(немесе) жүйелік маңызы бар банктің ақпараттық жүйелерін резервтік орталыққа ауыстыру үшін жұмыс күндері және демалыс күндері сағат 18:00-ден 09:00-ге дейін жоспарлы жұмыстарды жүргізу уақыты (минутпен);
 - 2) бағдарламалық және техникалық қамтамасыз етуді жаңарту үшін жұмыс күндері және демалыс күндері сағат 18:00-ден 09:00-ге дейін жоспарлы жұмыстарды жүргізу уақыты (минутпен);
 - 3) жұмыс күндері және демалыс күндері сағат 18:00-ден 09:00-ге дейін жабдықпен және бағдарламалық қамтылыммен жоспарлы профилактикалық және техникалық жұмыстарды жүргізу уақыты (минутпен) жатады.».
2. «Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген тұрлерін жүзеге асыратын үйімдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14337 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-4) және 85) тармақшаларына және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 10) және 25) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ!**»;

Көрсетілген қаулымен бекітілген Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген тұрлерін жүзеге асыратын үйімдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген тұрлерін жүзеге асыратын үйімдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы зан), «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» (бұдан әрі – Электрондық құжат туралы зан), «Ақпараттандыру туралы» (бұдан әрі – Ақпараттандыру туралы зан), «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы зан) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес әзірленді және банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген тұрлерін жүзеге асыратын үйімдардың (бұдан әрі – банктер) электрондық банктік қызметтерді көрсету тәртібін айқындауды.

Банктердің электрондық банктік қызметтерді көрсету тәртібінде электрондық банктік қызметтерді көрсету, қауіпсіздік рәсімдері, рұқсат етілмеген кіруден қорғау шаралары, электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру және тоқтату, электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде электрондық құжаттарды сақтау қамтылады.

Қағидалар Интернет желісінде тауарлар мен қызметтерді сатушы тұлғалардың пайдасына төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға байланысты қызметтерге (интернет-эквайринг) қолданылмайды.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



«7. Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру схемаларында электрондық банктік қызметтерді көрсетудің қолданыстағы немесе енгізілетін тәсілдері мен технологияларын пайдалануды болдырмау рәсімдерін әзірлейді және бекітеді және олар бойынша шараларды қабылдайды.

Банк электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң) көзделген қажетті шараларды қабылдайды, сондай-ақ валюталық бақылау агенттің функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.»;

3. Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
19.09.2022 ж. № 29685 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы 17 қыркүйек № 84

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына төлемдер мен төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының төлемдер мен төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.
2. Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
28.10.2022 ж. №30351 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2022 жылғы 20 қазан № 86

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі

№ 65 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4361 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 26-8-тармақпен толықтырылсын:

«26-8. Транзиттік портфель – кейіннен активтер бойынша төлемдерді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың (дулей күш құбылыстары, соғыс қымылдары, төтенше жағдай) салдарынан Қағидалардың параметрлеріне сәйкес келмеуі туындаған, бұрын жинақ портфелине сатып алынған Қордың осы активтерінен қалыптастырылатын уақытша портфель.»;

мынадай мазмұндағы 35-б-тармақпен толықтырылсын:

«35-б. Қордың портфельдері үшін Қағидаларда көзделген шектеулер транзиттік портфельде орналастырылған активтерге қолданылмайды.»;

36-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«36. ICE BofA US 6-Month Treasury Bill Index индексінің құрамы тұрақтандыру портфелінің эталондық портфелі болып табылады. Бұл индекс алты айға дейінгі өтеву мерзімі бар АҚШ қазынашылық вексельдерінен тұратын ICE Data Indices компаниясының индексі болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы 44-2-тармақпен толықтырылсын:

«44-2. Жинақ портфелінің құрылымында транзиттік портфельді жасауға жол беріледі.

Транзиттік портфельді бағалы қағаздарды сатып алу арқылы толықтыруға жол берілмейді.

Транзиттік портфельді басқарудың мақсаты үстеме кірісті алу болып табылмайды.»;

48-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«48. Өтімділігі жоғары бағалы қағаздардың мынадай индекстерінен тұратын дамыған елдер облигацияларының композиттік индексі дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі үшін эталондық портфель болып табылады:

ICE BofA 1-10 Year US Treasury Index (G502) – 62,5 (алпыс екі бүтін оннан бес) пайыз;

ICE Q1AR Custom Index (Q1AR) – 12,5 (он екі бүтін оннан бес) пайыз;

ICE BofA 1-10 Year UK Gilt Index (G5L0) – 10 (он) пайыз;

ICE BofA 1-10 Year Japan Government Index (G5Y0) – 5 (бес) пайыз;

ICE BofA 1-10 Year Australia Government Index (G5T0) – 5 (бес) пайыз;

ICE BofA 1-10 Year Canada Government Index (G5C0) – 5 (бес) пайыз.»;

51-2-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:



«экспортта 80 (сексен) пайыздан астам мәлшерде мұнай үлесі бар елдердің облигацияларын қоспағанда, ICE BofA Q34A Custom Index индекстері бар эталондық портфельдерді қолданып, дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелінен;»;

51-10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«51-10. Парниктік газдар шығарындыларының жоғары деңгейі бар компаниялар, көмір өндіруші компаниялар және темекі өнімдерін өндірушілер шығаратын бағалы қағаздарды қоспағанда, ICE BofA Q35A Custom Index индексі корпоративтік облигациялар портфели үшін эталондық портфель болып табылады.»;

3-1-қосымша осы қаулыға қосымшаса сәйкес редакцияда жазылсын.

- 2.** Монетарлық операциялар департаменті (Н.А. Тұрсынханов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 3.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.М. Молдабековаға жүктелсін.
- 4.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ интернет-ресурсында орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
28.10.2022 ж. № 30352 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2022 жылғы 20 қазан № 88

«Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық осы қаулыға қосыншаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшибаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосыншасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
28.10.2022 ж. № 30340 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2022 жылғы 20 қазан № 91

«Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттых Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттых Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттых Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 18220 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - 3-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 6-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үлттых Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үлттых Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы КҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
02.12.2022 ж. № 30917 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2022 жылғы 21 қараша № 96

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейір қаулыларына көрсетілетін төлем қызметтері, төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы мәліметтер беру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының көрсетілетін төлем қызметтері, төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы мәліметтер беру мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін кейір қаулыларының тізбесі бекітілсін.
2. Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы ресми жариялануға жатады және 2023 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
29.11.2022 ж. № 30799 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2022 жылғы 21 қараша № 97

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшыбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.
5. 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін:
 - 1) Тізбенің 3-тармағының жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші және отыз екінші абзацтары тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
«16. Үлттық Банкке тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті:
 - 1) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:
Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;
Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;»;
 - 2) Тізбенің 3-тармағының жетпіс сегізінші және жетпіс тоғызыншы абзацтары тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
«9-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
10-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;».

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
01.12.2022 ж. № 30881 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2022 жылғы 21 қараша № 98

«Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19679 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

керсетілген қаулымен бекітілген Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларда:

- 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшада сәйкес редакцияда жазылсын;
- 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшада сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Ақша-кредит саясаты департаменті (Р.Ж. Оразалин) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
02.12.2022 ж. № 30932 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2022 жылғы 21 қараша № 99

«Кредиттік бюро есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 225 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Кредиттік бюро есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 225 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19682 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Кредиттік бюро есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және ұсыну қағидаларын бекіту туралы»;

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының екінші бөлігіне және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес кредиттік бюро есептілігінің тізбесі;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес кредиттік тарих дерекқорындағы кредиттік тарихтың саны туралы және ақпарат берушілер бойынша қарыздар беру, қызметтер көрсету және шартты міндеттемелер жөніндегі шарттардың саны туралы есептің нысаны;
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес есепті тоқсан ішінде қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижелері туралы есептің нысаны;
- 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес кредиттік бюроның есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.»;

1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.



2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
02.12.2022 ж. № 30934 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2022 жылғы 21 қараша № 100

Ипотекалық үйымдардың және агроОнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беруді жүзеге асыратын, дауыс беретін акцияларының жұз пайызы тікелей немесе жанама түрде үлттық басқарушы холдингке тиесілі үйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші белгінің 65-2) тармақшасына, «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5-3-бабының 1-1-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің Басқармасы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес ипотекалық үйымдардың және агроОнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беруді жүзеге асыратын, дауыс беретін акцияларының жұз пайызы тікелей немесе жанама түрде үлттық басқарушы холдингке тиесілі үйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілік тізбесі;
 - 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес ипотекалық үйымдардың және агроОнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беруді жүзеге асыратын, дауыс беретін акцияларының жұз пайызы тікелей немесе жанама түрде үлттық басқарушы холдингке тиесілі үйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептің нысаны;
 - 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес ипотекалық үйымдардың және агроОнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беруді жүзеге асыратын, дауыс беретін акцияларының жұз пайызы тікелей немесе жанама түрде үлттық басқарушы холдингке тиесілі үйымдардың кредиттік тәуекелді ескере отырып саралаған активтердің талдамасы туралы есептің нысаны;
